

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ ЖӘНЕ
ОРТА АРНАУЛЫ БІЛІМДЕНДІРУ МИНИСТРЛІГІ

БЕРДАҚ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚ
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАРАҚАЛПАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ ФАКУЛЬТЕТІ
ТҮРКІ ФИЛОЛОГИЯСЫ КАФЕДРАСЫ

**Қазақ филологиясының
4-курс студенті**

Абутова Нурияның

БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

ЖҰМЫСТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ:

**Қазақ және қарақалпақ тілдерінде сан есімдердің
стильдік қолданылуы**

Ғылыми жетекші: акад. А. Даулетов _____

Асс. Ж.Шарипова _____

Кафедра меңгерушісі: Үлкен оқытушы Г.Адилова _____

Нөкіс-2012 жыл

ЖҰМЫСТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ:

Қазақ және қарақалпақ тілдерінде сан есімдердің стильдік қолданылуы

Қорғауға ұсынылды:

Қарақалпақ филологиясы факультеті деканы: _____ Қ. Тұрдыбаев

Кафедра меңгерушісі: _____ Г.Адилова

Ғылыми жетекші: _____ акад. А. Даулетов

_____ асс. Ж.Шарипова

Қазақ және қарақалпақ тілдерінде сан есімдердің стильдік қолданылуы

тақырыбындағы - мамандық жұмысына мемлекеттік аттестация комиссиясы қаулысымен (____) бағасы қойылсын.

_____ 2012 ж

МАК бастығы: _____

МАК орынбасары: _____

МАК мүшелері:

Хаткер:

Кіріспе

а) Сан есімдердің сөз таптары ішіндегі орны және негізгі ерекшеліктері

ә) Тақырыптың зерттелу тарихынан

б) Жұмыстың мақсаты

Қазақ және қарақалпақ тілдерінде сан есімдердің стильдік қолданылу ерекшеліктері

I бөлім. Есептік сан есімнің стильдік қызметтері

а) ауыспалы мағынада қолданылатын сан есімдер

ә) фразеологизмдердегі сан есімдер

б) сан есімдердің ғылыми және техникалық анықтама сипатында қолданылуы

в) есептік сан есімдердің басқа сан есімдердің (реттік, жинақтау) орнында қолданылуы

II бөлім. Қазақ және қарақалпақ тілдерінде реттік, жинақтық, болжалдық және топтау сан есімдерінің стильдік қолданылуы

а) Реттік сан есімдер

ә) «Біреу» сан есімі

б) Болжалдық сан есімдердегі синонимия

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Сан есімдердің сөз таптары ішіндегі орны және негізгі ерекшеліктері

Жалпы *сан есімдер*- түркі тілдері туыстығын тағы бір айқын таныта түсетін категорияның бірі. Оны мынадан байқауға болады: түркі тілдерінде негізгі сан атаулары небәрі - 20-ақ сөз. Олар мыналар: *бір, екі, б, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, жиырма, отыз, қырқ, елу, алтыс, жетпіс, сексен, тоқсан, жүз, мың*.¹

Негізгі сан атаулары түркі халықтарының бәрінде бірдей болғанмен, кейбір айырмашылықтар да жоқ емес. Мәселен, қазақтар, қарақалпақтар - *отыз, қырық, елу (елиў), алтыс, жетпіс (жетпис), сексен, тоқсан* десе, ұйғыр-*оттуз (кейде үш-он), кирк (кейде төрт-он), өзбек саксон, ұйғыр-сәксән* деген түрде қолданады.

Басқа тілдердегі сияқты, қазақ тіліндегі сан есімдер басқа сөз таптарынан негізгі үш түрлі белгі арқылы, атап айтқанда: *лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктері арқылы ажыратылады*.²

Сан атаулары мен сандық ұғымдардың семантикасы ғылыми абстракцияланғанда ғана түсінікті болады.

Өзінің мағынасы мен функциясы жағынан сан есім өзге сөз таптарына қарағанда, сын есімге біршама жақын. Бірақ сын есім заттың сапасын, сипатын т.б. қасиеттерін білдірсе, сан есім-заттың мөлшерін, ретін, шамасын білдіретін лексика-грамматикалық сөз табы.³ Бұл екі сөз табының семантикасында сан және сапа деген екі категорияның философиялық қатынасына байланысты айырмашылықтар сақталған.

¹ Хасенов Ә. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдер. Алматы., 1958.

² Сонда,

³ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы., 1991, 191-бет.

Түркі тілдерінде сан атаулары өмір шындығынан алынған, олардың негізі-заттық, абстрактылы ұғымдар деген тұжырымды тіл фактылары дәлелдей түседі.

Сондай фактылардың бірі- қазіргі қазақ тіліндегі *қос, егіз, жарты, жеке, жалғыз, бірегей, некен-саяқ, табан* тәрізді сандық семантикалық бірнеше сөз бар екендігі. Сондай-ақ, *сүт пісірім, шай қайнатым, ет асым, күндік жер, қозы көш жер, ат шаптырым, әу-дем жер т.б.* мөлшерлік, өлшемдік, мезгілдік мағыналы тіркестер семантикалық жағынан сан есім орнына қазірде де қолданыла береді.

Сан есімге жатпайтын сөздердің ішінде де мағынасы жағынан сандық ұғымға жақындығы бар *«жалғыз», «дара», «жалқы», «сыңар», «қос», «жұп» т.б.* сөздер тілде кездеседі. Сандық ұғымға қатысты мұндай сөздердің мәні кейбір сан есім сөздермен мағыналас та болады. Олардың ішіндегі *жалғыз, жалқы, дара, сыңар* сөздері бір сан есіммен мағыналас, *қос, егіз* сөздері екі есептік санмен мағыналас. Ал *жарты, жарым, ширек* сөздері бөлшектік сандармен мағыналас, *жарым, жарты*-бүтіннің жарты бөлігі, *ширек*-бүтіннің төрттен біріне тең. Сондай-ақ, тілімізде әртүрлі өлшем мәнін білдіретін сөздер мен сөз тіркестері бар. *Көлем мәнділер:* бір шөкім, бір үйір (жылқы), бір құшақ (шөп), бір топ адам.

Салмақ өлшемін білдіретіндер: пұт (16 кг), қадақ (750 гр), батпан (150 кг). *Қалыңдық мәнді білдіретіндер:* бір елі, бармақ елі қазы (1-2,5 см). *Ұзындық мәнділер:* адым, қадам (0,8-1м), шақырым (1 км), кез (50 см), аршын (75 см), құлаш (1,5-2 м), қозы көш жер (5-6 км), ат шаптырым (25-30 км).⁴

Сан есім қазақ және карақалпақ тілдерінде (санлықлар) заттың санын, мөлшерін, ретін білдіріп, тікелей зат есіммен тіркесіп қолданылады. Мысалы, *бес кітап, он дәптер, бес жүз көше т.б.*

⁴ Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілі морфологиясы. Алматы., 2007, 177-бет.

Лингвистикада *миллион, миллиард* сөздері сан есім ретінде қаралмайды, зат есім деп есептелінеді.⁵

Сан есімдердің өздеріне ғана *тән ерекшелігі*-үнемі зат есімдердің алдынан келіп, ешбір өзгеріске түспейтіні, түрленбейтіндігі. Мысалы, *Жүз елу қой қоздады. Үйде қырық тауық бар.*

Екінші, сан есімдердің өзге сөз таптарында жоқ кейбір грамматикалық көрсеткіштердің болуы. Олар-*ыншы, -інші, -ау, -еу* және *-ер* жұрнақтары.

Басқа сөз таптарынан сан есім жасалмайды, негізгі сан есімдерге ғана қосылып, оны түрлендіреді. Мысалы, *бір-бірінші, екі-екеу, бір-біреу*.⁶

Сан есім заттың сандық белгісін білдіретін болғандықтан, ол да дерексіз мағыналы сөз табы, оның мағынасы зат есіммен тіркескенде ғана нақтыланады. Мысалы, *екі шалбар, сегіз қалам, елу кісі, он бес оқушы, т.б.*⁷ Ал егер зат есіммен тіркеспей қолданса абстракт сандық мөлшерді көрсетеді. Мысалы, *елу, жүз, мың т.б.*

Қазақ тілінде сан есімдер құрамына қарай дара және күрделі болып бөлінсе, қарақалпақ тілінде жай және қоспа болып бөлінеді. Екі тілде де олардың жасалуы мен қызметтері бірдей. Мысалы, *бір-бир, жеті-жеті, үшеу-үшеу, жиырмағана-жигирмағана, жетінші-жетінші т.б.*

Сан есім сөздер заттың сандық мөлшерін түрліше атайтынына қарай, бірнеше мағыналық топқа жіктеле алады. Ғылыми грамматикаларда көрсетіліп жүргендей, сан есімдердің бір тобы зат есіммен тіркесіп, оны анықтап, есебін, ретін, мөлшерін білдірсе, біразы жинақтылық ұғымды, бөлшектік үлесті, шаммалық, болжалдық мағыналарды білдіреді. Осындай ерекшеліктеріне қарай сан есім мынадай түрлерге бөледі: *есептік сан есім, реттік сан есім, жинақтық сан есім, болжалдық сан есім, топтау сан есімі, бөлшектік сан есім.*

⁵ Хасенов Ә. Тіл білімі. Алматы., 2006. 297-бет.

⁶ Бектұров Ш. Қазақ тілі. Алматы., 2007, 101-бет.

⁷ Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі. Алматы., 1998, 19-бет.

Сан есімдер субстантивтенгенде түрленеді. Мысалы, *Мына бір бұлт жіңішкеге келіп, екіге үзіліп кетті (С.Б.). Қармақтары балық қапқанша бір-біріне үндеспеуге серт айтысқандай екеуінде де үн жоқ (С.О.).*

Ал қарақалпақ тіліндегі сан есімдер *санақ* (есептік), *қатарлық* (реттік), *шамалық* (болжалдық), *жыйнақлау* (жинақтық), *топлау* (топтау) және *бөлік* санлықтар деп алты түрге бөлінеді. Яғни екі тілде де бірдей алты түрге бөлінеді және тек дыбысталуында фонетикалық өзгешеліктер болмаса, айтарлықтай айырмашылықтар көрінбейді.

Есептік сан есімдер заттың нақты санын білдіргенде, зат есімнің алдынан тіркесіп, онымен ешбір қосымшасыз байланысады. Мысалы, *жүз ешкі, жүз елу көше т.б.* Есептік сандар дерексіз сандық ұғымды білдіргенде, ол заттанып, зат есімдерше түрленеді. Мысалы, *Онды онға қосса, жиырма болады.*

Есептік сан есімдер зат есіммен тіркесіп, оны анықтап тұрғанда, морфологиялық жақтан еш өзгеріске түспейді. Мысалы, *Екі жауынгер салт аттылы арбаның артында келеді (Х.Е.).*

Есептік сан есімдер өзге сөз таптарынан жасалмайды. Ал есептік сан есіммен сөзжасамның әртүрлі тәсілдері арқылы жаңа сөздер жасалатындығы оқулықтарда қысқаша көрсетіліп жүр. Мысалы, А.Ысқақовтың оқулығында *бесбармақ (ет), елубасы, алты бақан* сияқты зат есімдер, *екі ұшты, екі жүзді* сияқты сын есімдер, *үшеу ара, екі талап* сияқты үстеу сөздердің сан есім арқылы жасалатындығы және бір сөзінің лексика-семантикалық және грамматикалық ерекшеліктері жайында айтылған.⁸

Есептік сан есімдер *қарақалпақ тілінде санақ санлықтар* деп аталып, сан атамасын немесе заттың анық санын білдіреді. Есептік сан есімдер басқа мағыналық түрлерінің жасалуына негізгі база болып есептеледі. Бұл сөздер барлық уақытта тек бір мағыналы сөздер болған-

⁸ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі (морфология). Алматы., 1964 ж.

дықтан бір-біріне синонимия болмайды. Мысалы, *он жети, алты, еки, сегіз т.б.*

Қазақ және қарақалпақ тіліндегі *үш, әсіресе жеті, қырық* сандары салт-дәстүр және ырымдарда ерекше мағынаға ие болып, белгілі бір түсініктерге байланысты қолданылады. Мысалы, *Ер жігіттің үш жұрты болады: бірі-өз жұрты, екіншісі- нағашы жұрты, үшіншісі-қайын жұрты; Бала жетіге шыққанша жерден таяқ жейді; Бір күн тұз татқан үйге қырық күн сәлем т.б.*

Екі тілде де есептік сан есімдер заттың санын анықтап келгенде, заттың атын білдіруші сөздер еш уақытта көптік аффиксін қабылдамайды. Тек субстантивтенген жағдайда ғана сөз түрлендіретін аффикстерді қабылдайды. Мысалы, *Бұл январьдың он бірінен он екісіне қараған түн еді (А.Ф.); Тайшаханнан тоғызбан, Қаражаннан тоғызбан, Екеуінен он сегіз («Алпамыс»).*

Реттік сан есімдер заттың рет санын, орын тәртібін білдіріп *-ыншы, -інші, -ншы, -нші* аффикстері арқылы жасалады. Реттік сан есімдер зат есімнің алдынан тіркесіп, сөйлемнің анықтауыш мүшесі қызметін атқарады. Мысалы, *Бірінші тоқсанды өте жақсы бітірді (Р.М.).* Реттік сан есімдер де субстантивтеніп (заттанып), зат есім көрсеткіштерімен түрленеді. Мысалы, *біріншісі, бесіншісінде, екіншілері, үшіншіден т.б.*⁹

Реттік сан есімдер сыртқы формасы жағынан сын есімдер сияқты; субстантивтенеді; адвербиалдық мағынаға да ие бола алады; семантикасы жағынан мезгіл, уақыт мағынасында да қолданыла береді; шығыс септік формада тұрып, қыстырма сөз ретінде де қолданылады.¹⁰

⁹ Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Алматы., 2007, 173-бет.

¹⁰ Хасенов Ә. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдер. Алматы., 1958.

Реттік сан есімдер субстантивтенген жағдайда ғана түрленеді. Мысалы, *Біреулері қара қоңыр бешпенттерін, екіншілері жамаулы, сұр бешпенттерін киген (С.С.).*¹¹

Реттік сан есімдер қарақалпақ тілінде *қатарлық санлықлар* деп аталып, предметтің және әр қилы құбылыстардың ізбе-із қатар тәртібін, реттік санын білдіреді. Олар есептік сандарға**-(ы)-ншы//-(и)** нши аффикстерін жалғау арқылы жасалады. Мысалы, *-Қәне, нешинши бетинде?-деди Александр ұңилип.-Хә, екинши бетинде екен (Т.Қ.).*

Реттік сан есімдер қарақалпақ тілінде бұрын **-ланшы//-ленши** аффиксі арқылы да жасалатын болған. Мысалы, *Екиленши тартып сөйле тилиңди (А.М.).* Предметтің белгілі бір қатар тәртібін, ретін білдіретін болғандықтан реттік сан есімдер конкрет мағынаға ие болады. Есептік сандар бірліктердің суммасын, ал реттік сандар санаудың келіп тоқтаған бірлігін білдіреді. Мысалы, *бес дәптер*-барлық дәптердің суммасын, ал *бесинши дәптер* дегенде «*бесинши*» сөзі дәптердің санаудағы ретін, қатар номерін білдіреді.¹²

Реттік сан есімдер субстантивтеніп қолданғанда әр түрлі сөз өзгертуші аффикстерді қабылдайды. Мысалы, *Биреуі кетсе, екиншиси келеди.. Төртинши...Оныншы (Т.Қ.). Шадымурат оныншыны питкерип армияға кеткен жылы Перихан жетиншини питкерген (И.Қ.).*

Жинақтық сан есім заттың жинақталған сан мөлшерін білдіріп, бірден жетіге дейінгі есептік сандардан (**-ау,-еу**) жұрнағы арқылы жасалады. Жинақтық сан есімдер әрі сандық ұғымды, әрі заттық ұғымды білдіріп, зат есімнің тіркесінсіз қолданылады. Мысалы, *Үшеуіміз жолға дайындалдық (С.М.). Тәуелдік жалғаулары* жинақтық сан есімдерге семантикалық ерекшеліктеріне қарай ғана жалғанады (*біздердің біреуіміз, екеуіміз; сендердің үшеуің, олардың бесеуі т.б.*).

¹¹ Ысқақов А. 203-бет.

¹² Хәзирги қарақалпақ әдебий тилинің грамматикасы. 1994, 158-бет.

Септік жалғаулары жинақтық сан есімдердің жай түріне де, тәуелді түріне де жалғана береді. Мысалы, *Біреуінің күні жоқ біреуінсіз, Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек (Абай)*.¹³

Жинақтық сан есімдер зат есімдерше түрленетіндіктен зат есім атқаратын синтаксистік қызметтерді түгел атқарады. Мысалы, *Біреу білмегенді біреу біледі (мақал). Құлақ-екеу, тіл-біреу, екі тыңдап бір сөйле (мақал)*. Қазақ және қарақалпақ тілдерінде жинақтық сан есімнен *біреу* сөзі белгісіздік есімдікке көшкен. Жинақтық сан есімнен туынды етістіктер де жасалады. Мысалы, *екеуле, үшеуле*.

Сондай-ақ, аналитикалық тәсіл арқылы *екеу-екеуден, екеуара* сияқты күрделі сөздер де жасалған.¹⁴

Жинақтық сан есімдер қарақалпақ тілінде *жыйнақлау санлықтары* деп аталып, зат яки құбылыстың санын жинақтап, тек бір мен жеті арасындағы есептік сандардан (*-ау, -еу*) аффиксі арқылы жасалады. Жинақтау сандары заттың санын жинақтаумен бірге шектеп те көрсетеді. Мысалы, *Екі баласы бар, екеуі де ержетіп қиятыр (Н.Д.); Екеу-екеу әңгеме (Н.Д.)*.

Топтау сан есімдер есептік, жинақтық, болжалдық сан есімдерге, шығыс септігінің жалғауы жалғануы арқылы жасалып, заттың санын топтап көрсетеді. Мысалы, *Мен екеуінен де үлкенмін (Ғ.М.). Бір түн отырып ел адамдарын төрттен, бестен жиып алып, барлығына іс тапсырған (М.Ә.)*.¹⁵

Кейде шығыс септік жалғауы сан есімге жалғанбай, ол тіркескен зат есімге жалғанып та, топтық сан мәнін білдіреді. Мысалы, *Жиырма тауықтан тең келеді (С.М.). Әр топ бір компьютерден алады (Р.М.)*. Топтық сан есімдер пысықтауыш, анықтауыш қызметін атқарады.

¹³ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы., 1991, 204-бет.

¹⁴ Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Алматы., 2007, 174-бет.

¹⁵ Бектұров Ш. Қазақ тілі. Алматы., 2007.

Мысалы, *он-оннан топтасты, бес кітаптан алды*. Топтық сан есімдер заттанбайды, түрленбейді, сөзжасамға қатыспайды.¹⁶

Топтау сан есімдер қарақалпақ тілінде *топтау санлықтары* деп аталып, предметтерді сан жағынан бірдей топарларға бөліп топтап көрсетеді. Мысалы, *Төрт бөлинип он-оннан, Жау болып бағқа тийеди* («Қырқ қыз»).

Болжалдық сан есімдер заттың дәл санын нақты, дәл атамайды, оны түспалдап, шамасын ғана көрсетеді (*он мыңдай, екі жұмадай, ондаған, қырық-елу, жүз қаралы т.б.*). Болжалдық-шамалық санды білдіру үшін есептік сандарға *шамалы, қаралы, шақты, есе, жиыны, құрамы, артық, аса, астам, талай, неше т.б.* сөздер тіркесіп қолданылады.¹⁷

Болжалдық сан есімдер есептік саннан *синтетикалық, аналитикалық тәсілдер* арқылы жасалады.

Болжалдық сан есімдер заттанғанда ғана зат есім қосымшаларымен түрленеді. Мысалы, *ондарда келейік, сағат бестерден қалма т.б.*¹⁸

Болжалдық сан есімдер қарақалпақ тілінде *шамалық санлықтар* деп аталып, заттың санын, мөлшерін шамамен белгілеу үшін қолданылады және *-дай/-дей, -тай/-тей, -лаған/-леген* аффикстерінің жалғануы арқылы жасалады.¹⁹ Мөлшері жағынан бір-біріне жақын болған екі есептік сандар өзара жұптасуынан болжалдық сан жасалады. Мысалы, *мыңдай, жигир-малаған, бир-еки, үш-төрт т.б.*

Бөлшектік сандар заттардың сандық бөлшегін яғни бөлшектің санын білдіреді. Мысалы, *Оқушыларымыздың төрттен бірі өте жақсы оқиды*. *Бөлшектік сан есімдердің* арнаулы грамматикалық көрсеткіші жоқ; бөлшектік сандар есептік сандардың белгілі бір сөздермен синтаксистік қатынасқа түсуі арқылы жасалады (*он бүтін оннан үш, үштің біріндей,*

¹⁶ Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Алматы., 2007, 175-бет.

¹⁷ Хасенов Ә. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдер. Алма-Ата., 1958.

¹⁸ Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі. Алматы., 1988, 34-бет.

¹⁹ Хәзірги қарақалпақ әдебиет тилинің грамматикасы. 1994, 155-бет.

бестен бір бөлігі т.б.) жарым, жарты, ширек сөздері бөлшектік сан есім жасауда үлкен рол атқарады.²⁰

Бөлшектік сан есімдер-негізінде таза математикалық ұғымға байланысты туған сөздер. Олар белгілі бір заттар мен құбылыстардың сандық бөлшегін білдіреді. Бөлшектік сан есімдер құрамы жағынан күрделі болып келеді де, есептік сан есімдердің синтаксистік тәсілмен тіркесе айтылуы арқылы жасалады.

Қазіргі қазақ тілінде *жарты, ширек* деген бөлшектік ұғымдарды білдіретін сөздер де бар. *Жарты* сөзі *екінің бірі (екіден бірі, екі бөліктің бір бөлігі)* деген ұғымда, *ширек* сөзі *төрттің бірі (төрттен бір)* деген ұғымда қолданылады.

Сөйлемде сан есімдер зат есімге тіркеспей, сан атауы ретінде жеке де қолданылады. Мысалы, *Жолға шыққан үшеу едік. Әкеден алтау, шешеден төртеу, жалғыздық көрер ретім жоқ (А.Қ.)* сияқты қолданыстарда сан есімдер сан атауы түрінде қолданылған.

Заттың саны мен мөлшері бір-біріне қатысты, сондықтан олар тілде қатар қолданылады. Мысалы, *жарты уыс бидай, жалғыз келді, дара отыр, қозы көш жер, әу дегенше келді, ет асым уақыт* деген қолданыста *жарты, жалғыз, дара, қозы көш, әу дегенше* сияқты сөздер мөлшер мәнін білдіріп тұр. Бірақ олар мөлшердің нақты санын білдіріп тұрған жоқ, сондықтан олар сан есімге жатпайды.²¹

Бөлшектік сан есімдер қарақалпақ тілінде *бөлшек санлықлар* деп аталып, бүтіннің бөлегін, үлесін білдіріп, есептік сан есімдердің белгілі бір формада тіркесуі арқылы екі түрлі формада жасалады:

1.Бөлшектің бөлімі-шығыс септігіндегі, ал алымы –атау септігіндегі есептік сан; *жүзден он жети, бестен төрт т.б.* Сөз өзгертуші аффикстер

²⁰ Хасенов Ә. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдер. Алма-Ата., 1958.

²¹ Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. Алматы., 1998, 23-бет.

бөлшектің тек алымына жалғанады. Мысалы, *Жарымшылар жерди төрттен бирине, үштен бирине алады (Н.Д.)*.

2. Бөлімі ілік септігінде, алымы III жақта тәуелденіп қолданылады. Мысалы, *Төрттиң бирине дийқан турар, тең бөл!- деді Айдос баба (Бердақ)*.

Бүтіннің тең екіден бір бөлегін білдіру үшін қарақалпақ тілінде де «ярым» (жарым, жарты, жары, жарпы) сөздері қолданылады. Мысалы, *Апам дәстурханнан жарты зағараны алып қойныма тықты (Ә.Ш.)*.

Бүтіннің төрттен бір бөлегін немесе жарымның жарымын білдіру үшін қарақалпақ тілінде «шерек» сөзі де қолданылады: *Шерек әсирден аслам уақыттан берли Қудайберген аға бир кәсіпте ислең қиятыр.*²²

Сан есімдер морфологиялық құрамына қарай, *негізгі сан есімдер* және *туынды сан есімдер* болып екіге бөлінеді. *Негізгі сан есімдер* қатарына тек *есептік сандар* жатады да, *туынды сан есімдер* осы негізгі сан атауларына (*-ыншы, -ау, -ер, -тай*) қосымшалары қосылу арқылы жасалады. Мысалы, *бір-бірінші, екі-екеу, бір-бірер, қырық-қырықтай, елу-елудей т.б.*

Сан есімдердің сөйлем ішінде атқаратын негізгі қызметі- анықтауыш болу. Өйткені сан есімдер сан мөлшерін, ретін, шамасын білдіру сияқты өздеріне тән негізгі қызметті атқарғанда, үнемі анықтауыш болады да, анықтайтын сөзінің алдында (бұрын) қолданылады. Сан есімдердің өзге сөздермен байланысудағы бұл тәртібіне тек жинақтық сандары ғана бағынбайды. Өйткені жинақтау сандары тіліміздің қазіргі нормасында сөйлемде қолданылатын болып ауысқан да, анықтауыштық (атрибутивтік) қызметтен мүлде алшақтап кеткен.²³

Сан есімдер контекске байланысты субстантивтеніп қолданылғанда, сөйлемнің барлық мүшесінің де қызметін атқара алады.

²² Хәзірги қарақалпақ әдебиетінің грамматикасы, 1994, 157-бет.

²³ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алма-Ата., 1964.

Сан есімдердің тікелей тіркесетін негізгі сөздері –зат есімдер, зат есімнен жасалған туынды сын есімдер және етістіктер ғана. Өзге сөз таптарынан басқа да сөздерді талғамайтын (**-ғана,-ақ**) демеуліктерін атауға болады. Ал сан есімдердің өзара бір-бірімен тіркесуі күрделі сан есімдерде кездеседі.

Сан есімдер тілде екі түрлі жазылады, әріппен де, цифрмен де. Бұл-сан есімдердің басқа сөз таптарынан өзіндік ерекшелігі болып есептеледі.

Сөз табы ұстанымдары тұрғысынан алғанда, сан есімнің өзіне тән семантикалық мағынасы бар, олар-сандық ұғымды білдіретін сөздер. Сан есімдер затты талғамай тіркеседі, сан есім зат атауының алдынан тіркесіп, оның санын білдіреді. Мысалы, *үш қыз, екі жігіт, бір мысық, бес ит т.б.*

Сан есім зат есіммен ешбір қосымшасыз орын арқылы ғана байланысады. Сан есім заттың нақты санын көрсетумен бірге, заттың санын шамамен, болжап та, бүтін заттың санын да, бөлшек заттың санын да, заттың рет санын да білдіреді. Оның бәрі жалпы сандық ұғымға жатады, яғни сан есімнің семантикалық белгісіне жатады.

Сөздерді таптастырудың *екінші ұстанымы*- сөз табының морфологиялық белгісі. Бұл көбіне сөз табының сөздерді түрлендіру жүйесіне қатысты екені белгілі. Сан есімнің өзіне тән грамматикалық категориясы, яғни түрлендіру жүйесі жоқ. Бұл ерекшелік басқа да бірнеше сөз табына қатысты. Сондықтан ол сан есімнің сөз табы ретінде танылуына кедергі бола алмайды. Бірақ сан есім мүлдем түрленбейтін сөз табына жатпайды. Өйткені сан есім- заттардың санын білдіруден басқа да мағынада да қолданылады, атап айтқанда, таза сандық мағынада да қолданылады. Мысалы, *бесті беске қосса он болады* деген сияқты қолданыс математика ғылымынан кең орын алады. Мұндай қолданыста сан есім зат есім парадигмалары бойынша түрленеді. Ол-сан есім сөздердің өзіндік ерекшелігі. Бірақ бұл сан есімде ешқандай қосымша жоқ дегенді білдірмейді. Сан есім морфологиялық көрсеткішке кедей болғанымен,

оның мағыналық топтарының жекеленген қосымшалары бар. Олар реттік санның *-ыншы, -інші, -ншы, -нші* жұрнағы мен жинақтау санның *-ау-еу* жұрнақтары.

Сөздерді таптастырудың *үшінші ұстанымы*-сөз табының негізгі синтаксистік қызметі болуы. Бұл ұстанымға сан есімнің анықтауыштық қызметі жауап береді. Сан есімнің ішінде анықтауыш болмайтын сөз жоқ, бұл-сан есімнің негізгі синтаксистік қызметі. Бірақ сан есім басқа да синтаксистік қызметте де қолданылады, бірақ олар негізгі синтаксистік қызметке жатпайды.²⁴

Міне, осы белгілері сан есімді дербес сөз табы деп тануға мүмкіндік береді.

²⁴ Оралбай Н. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі. Алматы., 1988, 36-37 беттер.

Тақырыптың зерттелу тарихынан

Есімдер тобына жататын сөз табының бірі болып саналатын сан есімнің өзіндік зерттелу тарихы бар. Түркі тілдеріндегі грамматикалардан бастап сан есімге көңіл бөліне бастады. Бұл грамматикалардың бәрінде де сан есімдер қысқаша болса да сөз болған. Мысалы, *Н.И.Мелиоранскийдің, А. Казембектің, М.Терентьевтің, Н.И.Илминскийдің, В.В. Катаринскийдің, С.В.Ястремскийдің, Н.Ф.Катановтың* еңбектерінде сан есім жеке сөз табы ретінде қарастырылған. Кеңес дәуірінде түркологтар еңбектерінде де сан есім жайында бірталай пікірлер бар. Мысалы, *А.Боровковтың* оқулығында сан есімнің екі түрі көрсетілсе, *Н.П. Дыренкованың* грамматикасында төрт түрі берілген. Бірақ бұл грамматикаларда *«сан есімнің семантикалық жақтарына қарай бөлінуін бірінші орынға қойғанмен, ол элементарлы түрде қысқа ғана түсіндіріліп, барлық қолдану ерекшеліктері толық және жан-жақты қамтылмай баяндалған»*.

С.Е.Малов пен *В.А.Гордлевскийдің* айтуынша, есептеу жүйесіндегі *екіон, үшон, төртон, бесон* сияқты этимологиясы айқын формалар-кейіннен, бертінде болған атаулар. Ал *жиырма, отыз, қырық* сияқты этимологиясы қиын формалар-өте көне формалар.

Н.А. Баскаков сан есімдер-есімдерден бөлініп шыққан сөз табы екендігін және олар сын есім, үстеу сияқты белгі мағынасын білдіретіндігін айтқан.²⁵

²⁵ Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. II том. Фонетика и морфология. Москва., 1952.

В.В.Радлов, В.А. Гордлевский, С.Е.Маловтың пікірінше, *егіз* сөзі *екі* сөзінен шыққан; *егіз* дегендегі (з)- біркездегі көптік жалғау көрсеткіші (формасы). Қазіргі қазақ тіліндегі *ауыз, көз, біз, бардыңыз* дегендердегі (з) (-ыз)- сол көптік жалғау формасының тілдегі ізі (қалдығы). Қазіргі монғол тілінде көптік жалғау формасының бірі- (с) аффиксі (мәселен, *ере-еркек, ерес-еркектер*). Осылардағы (з) мен (с) аффиксінің төркіні-біреу-ақ (з мен с-бір аффикстің фонетикалық варианты ғана).²⁶

Кейбір түркологтар (*Н.П.Дыренкова, А.Н.Кононов*) аз, көп сөздерін сан есім қатарына жатқызады; кейбір түркологтар (*Н.К. Дмитриев, Л.Н. Харитонов, Н.А. Баскаков*) бұл пікірді құптамайды.²⁷ Бірақ бұл екі сөз қазақ тілінде көптеген жаңа сөз жасауға себеп болады.

Қазақ тіл білімінде сан есім жеке сөз табы ретінде алғаш мектеп фамматикасының көлемінде қарастырылды. Қазақ мектептерінде қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық *А.Байтұрсыновтың* оқулықтары болды. Оның «*Тіл құралдары*» (үш кітап) қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық құрылымын талдап, жүйелеп, танытып Берген оқулықтар еді. Ғалымның *1914 жылғы* бірінші «Тіл құрал» оқулығында сан есім жеке сөз табы ретінде көрсетілген. Онда сан есімге мынадай анықтама берілген: «*неше? қанша? деген сұрауға жауап болатын һәм нәрсенің санын көрсететін сөздерді сан есім дейміз*». Ал *1915 жылғы* екінші «Тіл құрал»да сан есімге қатысты мағлұматтар кеңейтіліп баяндалған. Бұл кітапта «*Сан есім нәрселердің есебін һәм ретін көрсететін сөздер*», - деген анықтама беріліп, сан есімнің есептік (оны іштей жай және жадағай деп екіге бөлген), реттік, темілдік (қазіргіше бөлшектік сан есім) деген түрлері көрсетілген.²⁸

Қазақ тіл білімінің ғалымдары *Ә.Кеңесбаев, К.Аханов, Ә.Хасенов, А.Ысқақов, Н. Сауранбаев, М. Балақаевтардың* грамматикалық оқулық-

²⁶ Хасенов Ә. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдер. Алма-Ата., 1958.

²⁷ Сонда.

²⁸ Байтұрсынов А. Тіл құрал. Алма-Ата., 1915.

тарында да сан есімдердің мағыналық топтары, жасалу жолдары туралы құнды пікірлер қамтылды. 1954 жылы шыққан қазақ тіл білімінің фонетика, лексика және грамматика мәселелерінен жан-жақты мағлұмат беретін «Қазақ тілі» атты еңбекте сан есім жайында аздаған мәлімет берілді.

Сан есім кейініректе арнаулы диссертациялық зерттеу объектісі болып, ол жөнінде Ә.Хасеновтің жеке еңбегі (1957) жарияланды. Қазақ тіліндегі сан есімді зерттеген Ә.Хасенов: «Түркі тілдеріндегі негізгі сөздік қорға жататын сан атаулары өмір шындығынан, конкретті заттан алынған, яғни зат есімдерден шыққан. Әрине, бұл жалпы сандық ұғымдардың дамуы математика ғылымының дамуымен байланысты, адамзат қажеттігінен туды деген пікірге ешбір қайшы келмейді, қайта оны толықтыра, растай түседі... сандық семантикалы есімдер мен сөз тіркестері, түркі тілдеріндегі негізгі сан атаулары зат есімдерден бөлініп шықты деген жорамалымызды жоққа шығармайды, қайта растайды», - дейді. Осылайша ғалымдар сан есімнің пайда болуы жөнінде түрліше пікір айтса, кейінгі ғалымдар сан атауларының нақтылы қалай, қандай тәсілдер арқылы жасалатындығын ғылыми тұрғыда дәлелдеп берді.

Олай болса, сан есімдер-өздеріне тән жасалу тәсілдері бар, өздерінің табиғи қызметінде ешбір өзгеріске түспейтін, тек субстантивтенгенде ғана түрленетін, мағыналық жағынан бірнеше топқа бөлінетін, сөйлемде белгілі қызмет атқаратын сөз табы. Ғалым Ә.Хасенов өз зерттеуінде түркі тілдеріндегі сан есім категориясының зерттелуіне шолу жасай келіп, сан есімдердің лексика-семантикалық ерекшеліктеріне тоқталып, лексикалық жағынан сан есімдер түркі тілдерінің туыстығын айқын таныта аларлық категорияның бірі болып табылатындығын және сан атауларының түркі тілінде сөйлейтін халықтармен бірге жасап, көне заманнан келе жатқандығын айтқан. Сан есімдерді семантикасына қарай: *есептік, реттік, жинақтық-субстантивтік, топтық, бөлшектік, болжалды-*

шамалық деп алты түрге бөліп, әрқайсысына жеке-жеке тоқталған. Одан әрі сан есімнің морфологиялық ерекшеліктерін баяндай отырып, сан есімдердің жеке сөз табы ретіндегі ең басты айырмашылығы-сан есімдер не *аффикстену*, не басқаша тәсілдер арқылы басқа сөз таптарынан жасалмайтындығын дәлелдеген. Сонымен бірге сан есімнің синтаксистік қызметін де сипаттаған.

1964 ж. қазақ тіліндегі есім сөздерді түгел қамтыған проф. А. *Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі» (Морфология)* атты монографиялық еңбегі жарық көрді. Осы еңбегінде ғалым сан есімді жеке сөз табы ретінде Жан-жақты сипаттай келіп, сан есімдердің жасалу жолына қарай қосылмалы және көбейтімелі болып келетіндігін тіл фактісіне сай тұжырымдаған. «Грамматикаларда» да сан есімнің жеке сөз табы ретінде лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік жағынан қарастырылуында алдыңғы еңбектермен үндестік байқалады.

Ал сан есімнің сөзжасамы кейінгі кезде арнайы зерттелді. 1988 жылы проф. Н. *Оралбаеваның «Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі»* атты еңбегі жарық көріп, онда сан есім сөзжасамның негізгі тәсілдері, олардың сөзжасам жүйесінен алатын орны, атқаратын қызметі айтылып, сан есімнің әр семантикалық тобының жасалуы, күрделі сандардың жасалу модельдері көрсетілді.

Сан есім сөйлемдегі сөздердің барлығымен бірдей тіркесе бермейді. Олардың тікелей тіркесетін негізгі сөздері-зат есімдерден жасалған туынды сын есім және етістіктер. Осы тұрғыда ғалым Т. *Сайранбаев* зерттеуінде сан есімнің етістікпен тіркесі жайында кеңінен айтылған. Ал, А. *Елешова* фразеологизм құрамындағы сан есімдердің ерекшеліктеріне тоқталған. Қазақ тілінде сан есімдер сияқты мөлшерлік мағынада қолданылатын бір топ сөздер бар. Бұл сөздерді Ә. *Хасенов* екі топқа бөліп қарастырған: *бірінші*-сан есімнің тура мағынасындағы, яғни дәл сан мағынасын білдіретін және солар арқылы жасалған сөздер: *егіз, қос, жарым, жарты,*

жалқы, сыңар, жалғыз, некен-саяқ, дара және осы сөздердің әрқайсысының мағыналық және грамматикалық ерекшеліктеріне тоқталған. Автор сан есім мағыналы сөздердің *екінші тобын* өз ішінде тағы да екіге бөлген: 1) әр түрлі тіркестер арқылы берілетін *абстрактылық ұғымдар*; 2) *сметтік (нумеративті)* сөздер мен сан мағыналы есімдер.²⁹

Ғалым бірінші топқа: *сүт пісірім, шай қайнатым, ет асым, ат шаптырым, тұс ауа, күндік жер т.б.* секілді тіркестерді жатқызған. Ал екінші топқа: *жүз бас (қой), бір қап (бидай), екі қабат (үй), бір түп (ағаш), бір қарыс (жіп) т.б.* секілді сөздерді жатқызып, бұл сөздерді *сметтік (нумеративті)* сөздер деп атаған.

А.Ысқақов қазіргі қазақ тілінде сан есімдер сияқты мөлшерлік мағынада қолданылатын сөздер екендігін айта келіп, *жарым, жарты* сөздері *бөлшектік ұғымдардың, жалғыз, жалқы, сыңар, дара* сөздері *бірлік ұғымдардың, қадым, қарыс, ат шаптырым* аралық өлшемдердің, *ет асым, қас қаққанша, қас пен көздің арасында* әу дегенше сияқты уақыт, мерзім өлшемдерінің атаулары есебінде қолданылатындығын көрсеткен.

Сан есімге жатпаса да, мөлшерлік мағынада тілімізде жиі қолданылатын осы сөздердің ерекшеліктері академиялық грамматикада (2002) нақтыланып көрсетілген және бұл сөздер мынадай төмендегі ретте топтастырылған:

- салмақ өлшемдерін білдіретін сөздер: *қадақ, пұт, келі, батпан*;

- көлем мөлшерін білдіретін сөздер: *бір шымшым, бір уыс, бір тілім, бір құшақ*;

-қалыңдық өлшемін білдіретін сөздер: *пышақ сырты, шынашақ, бармақ екі елі*;

-қашықтық көлемін білдіретін сөздер: *адым, таяқ тастам, шақырым, қозы көш жер, ат шаптырым*;

-ұзындық өлшемін білдіретін сөздер: *тұтам, кере кез, аршын, құлаш* ;

²⁹ Хасенов Ә. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдер. Алма-Ата., 1958.

- жарты мағынасын білдіретін сөздер: *жарты, жарым*;
- бір мағынасын білдіретін сөздер: *жеке, дара, жалғыз, жалқы*;
- екі мағынасын білдіретін сөздер: *егіз, қос, пар*;
- уақыт мөлшерін білдіретін сөздер: *сүт пісірім уақыт, шай қайнатым уақыт, биенің бір сауымындай уақыт*; Бұл сөздер мөлшерлік мағынада қолданылғандарымен, сан есім болмайды.

Сондай-ақ, академиялық грамматикада есептік есімнің тұрақты тіркестер құрамында кездесетіндігі, бір сан есімінің қолданылу, стильдік ерекшеліктері сөз болған. Сан есім сөздердің мағынасының кеңеюі арқылы жасалған туынды сөздер, олардың даму, қалыптасу жолдары, сан есім негізінде басқа сөз таптарына жататын туынды сөздердің жасалуы және оның негізгі себептері, олардың даму жолдары *Г.Шаһарманның* зерттеу еңбегінде жан-жақты қарастырылған.

Қарақалпақ тіліндегі сан есімдер (санлықлар) 1930-жылдардан бастап мектеп грамматикасында үйреніле бастады. *С.Е.Малов* 1930-жылдардағы жазылған «*Заметки о каракалпакском языке*» еңбегінде тек сан есімді атап өтіп, реттік сан есімдердің *-ыншы/-инши* аффикстері арқылы жасалатынын көрсеткен, ал *-ланышы/-ленши* аффиксін ол Хиуа өзбектерінің тілінің әсері деп қарайды. Сан есімдердің қарақалпақ тіліндегі барлық мағыналық түрлері *Н.А. Баскаковтың* 1932 жылы шыққан «*Краткая грамматика каракалпакского языка*» еңбегінде анықталған: *санақ (есептік), қатарлық (реттік) жинақлау (жинақтық), топлау (топтау), еселик, бөлшек (бөлшектік)*. Бірақ *еселик* сан есімдері автордың кейінгі еңбектерінде өз алдына сан есімнің түрі сипатында берілмеген. 1939 жылы шыққан *К.Ерманов* және *А. Қыдырбаевтың* оқулық-тарында санды *анықлық* (қазіргі есептік сан есім) *шамалық* және *қа-тарлық* деп үшке бөлінген. 1936 жылы *К.Ерманов* және *Ш.Саттаровтың* оқулықтарында сан есім төртке бөлінген: *жай сан*

(қазіргі санақ) *дәреже сан* (қазіргі қатарлық) бөліп санлығы (қазіргі топлау) және *шамалық сан*.

Мектеп оқулықтарында сан есім бірінші рет толық *1940 жылы* шыққан *А.Қыдырбаевтың* оқулығында талқыланды. Автор сан есімдерді мағынасына қарай алтыға бөліп қараған: *санақ, қатарлық, шамалық, жыйнақлы, топлау және үлеслік (қазіргі бөлшек сан есімдер)*. Сондай-ақ, сан есімдердің басқа да ерекшеліктері (мәселен, жинақтау сан есімдерінің бір мен жеті арасындағы сандардан жасалатыны) айтылған.

1953 жылы шыққан *А.Есемуратовтың* оқулығында да сан есімнің сол алты түрі берілген, болжалдық сан есімдер бірқанша кеңірек сөз етілген.

К.Бердимуратов және *А.Есемуратовтың* бұдан кейінгі оқулықтарында сан есімнің сол түрлері көрсетілген, бірақ «үлеслік сан» бөлшек сан деп аталған.

Сан есімдер *Н.А.Баскаковтың 1952 жылы* шыққан «*Каракалпакский язык*» еңбегінің II томында бірқанша, кеңірек алып қаралған және сан есімнің мағыналық түрлерін олардың сөйлемдегі қызметіне қарай үш функциональ формаға бөлген:

а) атрибутивтік-анықтауыштық (реттік, болжалдық, бөлшек);

б) субстантив формалар (жинақтау сан есімдер);

в) атрибутивтік- нысықтауыштық (топтау, топтау-жинақтау сан есімдері). *Н.А.Баскаковтың* бұдан кейінгі еңбектерінде де сан есімнің сол алты түрі: *реттік, жинақтау, жинақтау-шамалық топтау, бөлшек.*

Бұдан кейінгі дәуірде каракалпак тіліндегі сан есімдер *А.Бекбергеновтың* мақалаларында, кандидаттық диссертациясында және монографиясында сан есімнің негізгі ерекшеліктерін, мағыналық түрлерін морфологиялық құрамын, синтаксистік қызметтерін ашып көрсеткен.

Әрине, бұл зерттеулердің бәрі дерлік грамматикалық зерттеулер сондықтан да оларда сан есімнің лексикалық, семантикалық, морфология-

лық және синтаксистік ерекшеліктері көбірек сөз етіліп, оның стилистикалық қызметтері айтылмаған.

Сан есімнің стилдік ерекшеліктері тек *А.Бекбергеновтың* еңбектерінде қысқаша айтылған. Сондықтан сан есімнің стилистикалық қызметтерін арнайы зерттеу, олардағы ауыспалы мағынада қолданылатын сан есімдерді синонимияны эмоциональдық экспрессивтік бояуларға ие болу жағдайларын көрсету үлкен маңызға ие. Себебі сан есім біздің көрсетіп өткеніміздей тек бір мағыналы сөздер болғанымен тілде олардың кейбіреулері көбірек қолданылып қосымша стилистикалық бояуларға ие болады.

Жұмыстың мақсаты- қазіргі қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі сан есімдердің стилистикалық ерекшеліктері мен қолданылуын ашып көрсету.

Қазақ және қарақалпақ тілдерінде сан есімнің стильдік қолданылу ерекшеліктері

I бөлім. Есептік сан есімдердің стильдік қызметтері

a) ауыспалы мағынада қолданылатын сан есімдер.

Қазақ тілінде сан атаулары түрлі амал-тәсілдер арқылы жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жасай алады. Мәселен, «**бір**» сөзі жүзден астам сөз жасауға негіз болады: *бірдей, бірегей, бірлік, бірыңғай, бірлі-жарым, біраз, біріншіден, ешбір, кейбір, қайбір т.б.*

«**Екі**» сөзінен тоғыз шақты жаңа сөз жасалады: *екілік, екіталай, екеуара, екіншіден, екі-екеуден, екеуден-екеу т.б.*

«**Үш**» сөзінен он бес шақты сөз жасалады: *үштік, үшкіл, үшеу, екеу-үшеу, үш-үштен, үшеуара, үшеуден т.б.*

Басқа тілдердегі сияқты, қазақ тіліндегі сан есімдер басқа сөз таптарынан негізгі үш түрлі белгі арқылы, атап айтқанда: *лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктері арқылы ажыратылады.*

Сан атаулары мен сандық ұғымдардың семантикасы ғылыми абстракцияланғанда ғана түсінікті болады.

Өзінің мағынасы мен функциясы жағынан сан есім өзге сөз таптарына қарағанда, сын есімге біршама жақын. Бірақ сын есім заттың сапасын, сипатын т.б. қасиеттерін білдірсе, сан есім-заттың мөлшерін, ретін, шамасын білдіретін лексика-грамматикалық сөз табы. Сан есімдердің өздеріне ғана *тән ерекшелігі*-үнемі зат есімдердің алдынан келіп, ешбір өзгеріске түспейтіні, түрленбейтіндігі. Мысалы, *Жүз елу қой қоздады.*

Екінші, сан есімдердің тек өздеріне тән, өзге сөз таптарында жоқ кейбір грамматикалық көрсеткіштердің болуы. Олар-*ыншы, -інші, -ау, -еу* және *-ер* жұрнақтары.

Басқа сөз таптарынан сан есім жасалмайды, негізгі сан есімдерге ғана қосылып, оны түрлендіреді. Мысалы, *бір-бірінші, екі-екеу, бір-білер*.

Есептік сан есімдер заттың нақты санын білдіргенде, зат есімнің алдынан тіркесіп, онымен ешбір қосымшасыз байланысады. Мысалы, *жүз ешкі, жүз елу көше т.б.* Есептік сандар дерексіз сандық ұғымды білдіргенде, ол заттанып, зат есімдерше түрленеді. Мысалы, *Онды онға қосса, жиырма болады. Жиырмадан бесті алса, он бес болады.*

Есептік сан есімдердің өзіндік бір *ерекшелігі* олар сөзжасам әрекетіне қатысуға бейім тұрады. Бірсыпыра сан есімдер түбір қалпында тұрып, басқа сөз табына көшкен. Мысалы, *бір-есімдікке* көшкен, *жеті-апта, тоғыз-сыйлық, тоқсан-оқу мерзімі*, есептік сандар адам жасын білдіреді (*қырықтамын*), белгілі сөз тұлғада үстеуге көшеді (*бірге, бірде, бірден*). Өлім рәсіміне қатысты *үші, жетісі, қырқы, жүзі*-зат есімге көшкен. Морфологиялық тәсілмен жасалған *бесті жылқы, үштік, жетілік шам т.б.* Аналитикалық тәсіл арқылы сөзжасамға қатысу нәтижесінде жасалған зат есім сөздер көптеп кездеседі. Мысалы, *Қырықбай, Алтысбай, жетікөл, Екібастұз, онкүндік, сегізкөз, мыңжапырақ, екі жүзді т.б.*

а) Сан есімдердің кейбіреулері өз мағынасынан басқа мағыналарда да қолданылады. Көбінесе «*бір*», «*бес*», «*жеті*» т.б. есептік сандардың ауыспалы мағынада келіп, әрқилы экспрессивтік бояуларға ие болады.

Қазақ тіліндегі «*бір*» сан есімінің қолданылу өрісі өте кең және әртарапты. «*Бір*» сөзінің есімдікпен, үстеумен тікелей қатысы бар; бұл сөз көптеген зат есім, етістік тудыруға да негіз болады. Сондықтан кейбір түркологтар «*бір*» сөзін *белгісіздік сан есім (Қазембек)* деп атаса, енді біреулері *қатыстық есімдік, белгісіздік есімдік (Боровков)* деп қарайды.

«Бір»дің аффикссіз тұлғасындағы мағынасы тек қана контекст арқылы ажыратылады. «Бір» сөзінің басты-басты мағыналары мыналар:

- 1) «Бір» сөзінен кейін қолданылған зат есіммен тіркесіп , өзінің негізгі сан мағынасын білдіреді (*бір қабынан елу қап алғанбыз*), ал етістікпен тіркескенде «бір»дің сандық мағынасы көмескіленеді (*бір қарағанда т.б.*)
- 2) «бір» сөзінен кейін қолданылған сын есіммен тіркескенде, сандық мағынасынан мүлдем айрылып қалады (*бір көсем аттыны көрді*).
- 3) *Уақыт, мезгіл, тәулік, күн, кез, сәт, рет* сияқты сөздермен тіркескенде бір мезгіл, уақыт мағынасын білдіреді (*бір сәтке келді*).

«Бір» сөзі толып жатқан сөздермен тіркеске түсе алады: *бір жолы, бір сәрі, бір аттан, бір ғана, бір шай қайнаттым т.б.*

- 4) «Бір» сөзінің алды-артынан оны анықтайтын немесе толықтыра түсетін есімдіктер я есімше, көсемше, не есім сөздер тіркесе, «бір» сандық мағынасынан айрылып қалады да, күрделі бір мүше құрамына еніп кетеді (*өзгеше бір еміреніп, бір маңайлатпай қойды т.б.*).

- 5) «Бір» сөзі көптік формасындағы зат есімдермен немесе қосарлы формалармен тіркесе, болжалдық-шамалық мағына білдіреді (*бір аттыларды көрді, бірді-екілі жаста, бірен-саран көштер т.б.*).³⁰

«Бір» сөзі есептік сан есімдерден жаңа сөздер жасайтын амал-тәсілдердің бәріне түгелдей қатысады. Бұл сөзден басқа қосымшалар арқылы да әртүрлі жаңа формалар (сөздер) жасалады. Сонымен қатар «бір» сөзінен лексика-семантикалық тәсіл арқылы басқа сөз табына ауысқан формалар да бар. «Бір» сөзінің осылайша әр тарапты болып келуі оның лексика-семантикалық және грамматикалық ерекшелігі мол екені-не, қолданылу өрісінің орасан көп және жан-жақты екендігіне әрі көрнекті дәлел де, әрі соларға байланысты.³¹

³⁰ Хасенов Ә. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдер. Алма-Ата., 1958.

³¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы., 1991, 202-бет.

«Бір» сөзінен басқа сөз таптарына ауысқан жаңа сөздер жасалуға лексика-семантикалық жол да, морфологиялық жол да және синтаксистік жол да жетекші болған. Мысалы, *Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді (мақал); Бірлік бар жерде тірлік бар (мақал); Бір жерде бірге жүрсең басың қосып, біріңнің бірі сөйле сөзің тосып (Абай).*³²

Қарақалпақ тіліндегі «бір» сан есімі өзінің мағынасынан басқа төмендегі мағыналарда қолданылады:

1) «Бір» сөзі сан мағынасын жойтып, көмекші және күшейткіш сөз сипатында экспрессивтік бояуларға ие болады. Мысалы, *Өзи бир биймаза адам еди (Ә.А.). Бәлки бир елес сияқты еди (К.М.);*

а) «бір» сан есімі анықсыздық артиклі қызметін атқарып заттың сөйлеуші мен тыңдаушыға анық емес екендігін білдіреді. Мысалы, *Сен бир булақ едің туншығып жатқан (И.Ю.).*

Н.А.Баскаков: *«бір» сан есімі сын есім, үстеу және етістіктердің алдынан тіркескенде сапаның бірқанша артқанын, мөлшердің аздығын немесе әрекеттің шалт болғанын білдіреді»,* -деп көрсетеді.³³

Мысалы, *Ысытпай-ақ машабаны бир уртлап, зағарадан бир тислеп тойып алдым (Ж.А.).*

«Бир» саны кейбір текстерде шектеу мағынасын білдіреді. Мысалы, Ол бир сени емес, көп адамды жолдан шығарыўға талапланып жүр (Т.Қ.).

б) «бир» саны фразеологиялық сөз тіркестерінің құрамында келіп, басқа сөздермен бірге бір мағынаны білдіреді. Мысалы, *Көпишликти бир шыбық пенен айдайман (Ж.А.). Дуньяны суў алса да, үйрекке бир пул (К.Н.М).*

«Бир» сөзінің мағынасы кейде басқа сөздермен тіркескенде де өзгеріп отырады:

а) уақыт мағынасындағы сөздермен тіркескенде уақыттың анық еместігін білдіреді. Мысалы, *Ертең бир күни маған хабарласып кетерсең (М.Т.).*

³² Сонда.

³³ Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. II. Москва., 1952, 232-бет.

б) «бир» сөзінің әртүрлі сөздермен тіркесуінен үстеу мен сын есімдер жасалады. Мысалы, *Соң және бір мәртебе тоқтап қалды.*

в) кезектес және ауыспалы жалғаулықтардың қызметін атқарады. Мысалы, *Бір қорққан, бір қуғанған жылайды (А.Д.).*

д) «тек» демеулігімен синоним болады. Мысалы, *Мен соған бір сениң ушын қыйналаман.*

2) «нәрсе» сөзінің алдына және «хәр», «гей», «не», «базы» т.б. сөздерінің кейніне тіркескенде «бир» сөзінен есімдіктер жасалады. Мысалы, *Жақыннан бери бір нәрсеге хайранман (М.Т.).*

Қазақ және қарақалпақ тілдерінде «үш» саны дәстүр мен ырымдарда белгілі бір шекті білдіреді. Жырларда (дастанларда), ертектерде, мақал-мәтелдерде (нақыл-мақалларда) «үш» саны көп кездеседі. Мысалы, *үш шарт қою немесе орындау, үш ай үш күн, үш ағайынды жігіт немесе қыз т.б.*

«Үшкіл» сөзін алсақ, екі тілде де мағынасы жағынан «өлген адамға кигізетін киім» дегенді білдіреді. Мысалы, *Үшінші тілек тілеңіз-үшкілсіз көйлек кимеске (Бұхар жырау).* «Үш» санын фразеологиялық тіркестерде де кездестіруге болады. Мысалы, *Үш қайнаса сорпасы қосылмайды.* «Үш» санына байланысты мақалдарды көп кездестіруге болады. *Ат үш айналып қазығын табар. Бір күндік жолға шықсаң үш күндік азық ал Бір ойлама, үш ойла. Жыланды үш кессе де кесірткелік әлі бар. Үшінші байлық-он саулық. Үріккен ит үш күн үреді.*

Қазақ және қазақ тілдерінде «бес» саны да өзінің сан мағынасынан басқа мағыналарда қолданылады. Мысалы, бұл санның ауыспалы мағыналарда қолданылуына оның оқудағы ең жақсы бағаны білдіруі себеп болған. Бұл жағдайда ол әртүрлі анықтауышты қабылдап экспрессивтілікке ие болады: *бірінші бесім (биринши бесим), менің бесім (мениң бесим) т.б.* Осы мағынаға байланысты ауызекі сөйлеу мағынасына

байланысты сөйлеу тілінде «*жағдай қалай? (ахуаллар қалай?)*» деген сұраққа кейде «*бес*» деп жауап қайтарады, яғни «*бес*» саны бұл жерде «*өте жақсы (жүдә жақсы)*» деген мағынаны білдіреді. «*Бес*» саны малға да қатысты қолданылады. Мысалы, *бесті жылқы т.б.* Бұл сан мақал-мәтелдерде көп кездеседі. Мысалы, *берерменге бесеу көп, аларманға алтау аз; Бес бересі, алты аласы жоқ; Бестің басы болғанша, алтының аяғы бол; Айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарады; Бес саусақ бірдей емес.*

Қарақалпақ тілінде «*Жүз*» саны да ауыспалы мағынада қолданылады. Мысалы, «*жүз болыу*» «*бәри жүз*» дегенде «*жүз*» саны толық жақсы деген мағынаны береді. Мысалы, *Усындай етип шөлкемлестірип, бир жағадан бас, бир жеңнен қол шығарсақ, бәри жүз-дә (Ә.Х.).* Бұл жерде «*жүз*» санының мағынасы «*жүз процент*» деген түсінікпен байланысты болуынан келіп шыққан.³⁴ Солай етіп, ауыспалы мағынада қолданылған сан есімдер күшейту мәнісіне, айрықша экспрессияға ие болады.

Сондай-ақ, қазақ және қарақалпақ тілдерінде үлкен мөлшерді білдіретін сан есімдер кейде күшейту мағынасында қолданылады. Мысалы, *Мың айтқанмен ол түсінбейді (Мың айтқан менен ол түсінбейди). Күйеу жүз жылдық, құда мың жылдық. Біріккен жүз бытыраңқы мыңды алады. Білек бірді, білім мыңды жығады.*

ә) Сан есімдердің біреулері кейде айрықша мағынаны білдіріп, белгілі бір дәстүрге, ырымдарға байланысты қолданылады. Санның мұндай қасиеті *сакраменталь мағына* деп аталады. Мысалы, «*Жеті*» саны өзінің негізгі мағынасынан басқа кейде көптікті, бір нәрсенің шегін білдіреді. Мысалы, «*Жеті*» саны баланың жақсы, жаманды түсініп, оның ақылының жетілісетін шегін білдіреді. Мысалы, *бала жетіге шыққанша жерден таяқ жейді (Бала жетіге шыққанша жерден таяқ жейди). Жеті ойлап бір кесу (Жеті ойлап бир кесуі). Жеті атадан бері (Жеті атадан*

³⁴ Хәзирги қарақалпақ әдебий тилинің грамматикасы. 1994.

беру) т.б. Сондай-ақ, «жеті» саны әрқилы діни түсініктермен байланысты қолданылады. Мысалы, *жеті жұт, өлінің жетісін беру, жеті қабат көк, жеті нан садақа тарқату, жеті қазына т.б.* «Жеті» саны ертекерде және аңыздарда, жырларда көп кездеседі. Мысалы, *жеті ай, жеті күн той беру (жеті ай, жеті күн той беруі); Жеті күн, жеті түн айқасу (жеті күн, жеті түн айқасы) т.б.*

«Жеті» санына байланысты мақалдар да жоқ емес. Мысалы, *Жігітке жеті өнер аз, жетпіс өнер көп емес. Жеті жұрттың тілін біл, Жеті түрлі білім біл. Жетімнің қарны жетеу.*

Қазақ және қарақалпақ тілдерінде «Қырық» саны да мақал-мәтелдерде, ертекерде, ырымдарда белгісіз бір көптіктің шегін білдіріп әрқилы сакраменталь мағынада қолданылады. Мысалы, *Қырық үйден тыю, бір үйден жию (мақал); Қырық жамау болу; «Қырық жыл байлық, қырық жыл жарлылық», -деген. Қырқына шыдаған, қырық біріне де шыдайды; Нәрестені қырқынан шығару; Өлген адамның қырқын беру; Қырық күн шілдеhana. Отыз күн ойын, қырық күн тойын беру; қырықтың бірі қыдыр; Қыз қырық шырақты болады. Бір күн тұзын татқанға қырық күн сәлем; Үйді қырық еркек толтыра алмайды, бір әйел толтырады т.б.*

Б) Фразеологизмдердегі сан есімдер, фразеологиялық сөз тіркестері пікірімізді толық өзіне тән мағыналық бояуларымен жеткізуде айрықша қызмет атқарады.

Сан есімдер–фразеологиялық единицалар жасауда аса көп қолданылатын сөз табының бірі. Сан есімдер тұрақты тізбектер құрамында лексика-семантикалық жағынан бүтін бір единицалық мәнге ие болады; синтаксистік тұрғыдан күрделі бір мүшенің ғана қызметін атқарады.

Қазақ тілінде сан есімдердің қатысуы арқылы жасалған фразеологиялық единицалар көп. Олар шығуы, пайда болуы жағынан халық тарихы, әдет-ғұрпы, салт-санасы, мәдени өміріне тікелей байланысты болып келеді: *үш*

қайнаса сорпасы қосылмау; үйіріңмен үш тоғыз; құбыласы тең; алты аласы, бес бересі; берерменге бесеу көп, аларманға алтау аз; азуы алты қарыс; алты қырдың астында; жеті қар жер асты; жерден жеті қоян тапқандай; бір сырлы, сегіз қырлы; тоғыз торап жол; қырық жамау; қырық жілік болғыр; қырық жерге қойма қою; қырық қазанның құлағынан тістеген; алпыс екі тамыр, алпыс жүйе; толғауы тоқсан қызыл тіл; он бестен туған ай секілді; тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар; жердің жетпіс қабаты; күйі бірдің- күні бір; жер астынан жік шықты, екі құлақ тік шықты; екі аяқтыда бөле тату, төрт аяқтыда бота тату; жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар т.б.

Фразеологиялық сөз тіркестері деп құрамына басқа сөзді қосып айтуға болмайтын және компоненттері бір-бірімен тығыз байланысқан сөздер тобына айтылады.

Қазақ және қарақалпақ тілдерінің фразеологиясы өте бай. Тіліміздегі фразеологиялық сөз тіркестерінің құрамын сөз таптары бойынша ажыратып қарасақ, өздерінің тек бір мағыналы сөздер болуына қарамастан сан есімдердің де көптеп кездесетінін көреміз. Сандық фразеологизмдер құрамында өзінің сан мағынасынан ұзақтап, қасындағы басқа сөздермен бүтін бір лексика-грамматикалық бірлікті білдіреді және бір синтаксистік қызметті атқарады. Сол үшін фразеологиялық сөз тіркестерін бөлінбейтін, ажыратуға болмайтын тұрақты тіркестер дейміз.

Қазіргі қазақ және қарақалпақ тілдерінің фразеологиясында басқа сан есімдерге қарағанда бірден онға дейінгі есептік сандардың көбірек кездесетінін көруге болады.

«Бір» саны өнімді қолданылатын сөз. Бұған оның санау жүйесіндегі оның бірінші сан болуы, өзінің сан мағынасынан да көп мағыналарды білдіруі және сан есімдерден тілде басқа сандарға қарағанда жиі айтылуы себеп болған.

а) төмендегі тіркестерде «бір» сөзі сан мағынасынан қашықтаған. Мысалы, *Ұзақ кешкен бірлікте қай белдің астында жүрсем де, артымда отырған бір бел-өзің едің (М.Ә.); Баласының хатына ата-ана бір жасап, тез самовардың қасында балқып шай ишип отырды (Ө.А.); Саған сол сырларымды бір айтып жарылғым келіп тұр. Мениң сөзіме инанбасаң, ақыры жамбасыңа өзің-ақ бір урарсаң.*

б) Құрамында «бір» саны бар фразеологиялық тіркестер кейде әрекеттің тез болғанын немесе тез уақытта болатынын білдіреді. Мысалы, *Ертең бір күн біржола үйге қайтуым керек. Ертең бір күн босанып қалар-ау,- деп жүрген Гулзийба (М.Т.).*

«Бір» санын мақалдарда да кездестіруге болады. Мысалы, *Екі жарты бір бүтін. Екі шоқып бір қарау. Қырықтың бірі қыдыр. Адам бір-біріне қонақ. Жақсының күнде бір үйі кеңиді, Жаманның күнде бір үйі кемиді. Бір көрген біліс. Ағайын бірде араз, бірде тату. Кемедегінің жаны бір. Бір тал кессең, он тал ек. Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық т.б.*³⁵

«Екі» саны да тұрақты сөз тіркестерінде кеңінен қолданылған.

а) адамның жұп мүшелеріне байланысты тіркестерде көп қолданылған. Мысалы, *Жолыңа қарап екі көзім төрт болды (С.М.). Алды менен басшысы еки ийнин жалмады (Жийен жырау).*

ә) «Екі» сан есімі бір қатар фразеологиялық тіркестерде арифметикалық амалдар құрамында келеді. Мысалы, *Екі жарты бір бүтін болып, қалған өмірімізді бірге өткерсек (Еки жарты бир пүтин болып, қалған өмиримизди бирге өткерсек).*

б) «Екі» саны тұрақсыздықты білдіреді. Мысалы, *Ердің екі сөйлегені- өлгені (мақал); Мениң сөзім еки шығып жамауым жалған болмаса болар еди (А.Д.).*

в) Пікірді сипаттап айтуда эвфемистік мазмұнда сөйлегенде «екі» саны жиі қолданылады. Мысалы, *Басың екеу болмай, малың екеу болмас (мақал);*

³⁵ Мақал-мәтелдер. Алматы., 1990.

Тырнақ-лап жыйнаған малымды жумсап баламның басын екеу болғанын көрсем не арманым бар? (Т.Қ.).

г) фразеологиялық тұтастықта «екі» өзінің сан мағынасын жойтады. Мысалы, *Екі бастан, сени ағаң бизің үйде отырыпты деп ойлайды (Т.Қ.).*

Тілде қолданылатын «бір» және «екі» сандары бір тіркестің ішінде де қолданылады. Мысалы, *Екі қоянды бір оқпен ату;*

«Екі» санын мақалдарда да кездестіруге болады: *Екі сараңның қолы бір-біріне әзер жетеді. Елін сатып асаған, екі күн-ақ жасаған. Екі көрген таныс. Екі кемеңің басын ұстаған суға кетер. Екеу болсаң бір-біріңмен кеңес, біреу болсаң қабырғаңмен кеңес. Екі ауру бір келсе, ажалыңның жеткені. Екі тентек елге сыймас. Екі қылыш бір қынапқа сыймайды. Еріншектің ісі-екі т.б.*

«Төрт» саны фразеологиялық сөз тіркестерінде екі түрлі жағдайда кездеседі:

а) өзінің сан мағынасына жақын қолданылады. Мысалы, *Төрт түлігі сай еді; Төрт жағын да қубла деп есаплайсаң ба? (Т.Қ.).*

ә) Сан мағынасынан ұзақтап кетеді. Мысалы, *Төрт қылып екі көзді сағындырып, Жүр екен біздің қалқа қандай жерде!(Б.М.).*

«Бес» саны да фразеологиялық сөз тіркестерінде жиі кездеседі:

а) сан мағынасы да көрінеді. Мысалы, *Болар бала бес жасынан белгілі (мақал). Оған бес саусағындай аян еді (Ө.А).*

ә) кейбір тіркестерде түсініксіз болып, сандық мағынасынан ұзақтасады. Мысалы, *Кешегиден бес бетер қазанға балық толыпты (Жийен жырау).*

Фразеологиялық сөз тіркестерінде өте көп қолданытын сандардың бірі ретінде «жеті» санын көрсетуге болады.

«Жеті» саны көпшілік түркі тілдеріне жинақтау санының шегі. Фразеологиялық сөз тіркестерінің құрамында «жеті» саны көп, үлкен, барлық деген жалпылық мағынаға ие. Мысалы, *Жерден жеті қоян тапқандай. Жеті жүйесінен өту. Жеті жыны көру т.б.*

«Қырық» саны да ерте уақыттарда санау жүйесінің бір даму дәуірінде ең үлкен мөлшерді білдірген. Мысалы, *қырық жамау, қырық қыз*.

«Жүз» және «мың» сандары үлкен мөлшерді білдіреді. Мысалы, *Мың тар күңіренер бір Бетховен болып. Усы жолда қаншама қыйыншылықтар сан-мың қәуәтерли бурылмалар (М.Т.)*.

«Жүз» және «мың» сандары сан мағынасын басқа күшейткіш сөз мағынасын білдіреді. Мысалы, *Әйел заты мың айтсаң да шыдамды*.

Қазақ және қарақалпақ тілдерінде сан есімдер фразеологиялық сөз тіркестерінде өзінің сан мағынасын жойтып, сапалық мағынаға өтеді. Сондықтан да, кейбір фразеологияларда әрқилы сандар бірін-бірі алмастырып синонимия қатынаста келеді. Мысалы, *Еле он гүлинен бир гүли ашылмаған қызларды тап мал айдағандай қамшылап қиятыр (К.М.). Жеті өлшеп бір кес (мақал)*.

Фразеологизмдердегі дара сандар көпшілік уақытта сол тіркестің басқа сөздерімен аллитерациялық жағдайда келеді, яғни сан және басқа сөздер бірдей дыбыстардан басталады. Мысалы, *төрт көз түгел, түн ұйқысын төрт бөлу, жеті жүйесінен өту, бетінің сарысы бес елі т.б.*

Сан есімнің фразеологизм құрамындағы басқа сөздермен үндес болып келуі пікірдің көркемдігін арттырып, оны айтуға қолайлы, үйлесімді келеді. Мұндай аллитерация әлі тұрақты болып қалыптаспаған жай сөз тіркестерінің құрамындағы сандарда да кездеседі. Мысалы, *Ол тоқсан толғанып, отыз ойланып бір шешімге келді*.

Фразеологизмдердің құрамында келген күрделі сандар да, басқа сандардай өзінің сан мағынасын жойтып, көп деген жалпылық мағыналарды білдіреді. Мысалы, *Тоқсан тоғыз жұмыс қарап тұр, бәріне үлгеруіміз керек*.

Сан есімдер мақал-мәтелдерде кездескенде де аллитерация құбылысы байқалады. Мысалы, *Бересіге бесеу көп, аласыға алтау аз. Отыз тістен шыққан сөз, отыз рулы елге жайылар. Ел құлағы-елу. Алтау ала болса ауыз-дағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді т.б.*

Б) Сан есімнің ғылыми-техникалық терминологияда қолданылуы

Жалпы мағынасы абстракт болғанымен әрбір сан есімдер белгілі бір конкрет сан мөлшерін білдіреді. Сол себепті әрбір сан есім тек мағыналы сөз болып басқа сандардың орнына қолданылмайды, яғни басқа сан есімдермен синоним бола алмайды. Бұл жағынан сан есімдер терминдерге жақын тұрады.

Қазақ және қарақалпақ әдеби тілдерінде ғылыми тәсілдің белгілі функционалдық тәсілдің бірі-ғылыми терминологиялық лексиканың қалыптасуын және дамуын қамтамасыз етеді. Нәтижеде түрлі ғылым салалары бойынша терминологиялық бірліктер қабаты пайда болды. Бұл термин-ердің біразы сан есімдермен байланысты болып келеді.

Математикалық терминдерде: *ондық бөлшек, үшмүйештік, параллель бірліктер, төртбұрыш, ондық, жүздік, мыңдық т.б.*

Математикалық терминдерде сан есімдер сан мағынасын жойтпайды. Мысалы, *үшке үшті көбейтсең тоғыз болады.*

Қарақалпақ тілінде лингвистикалық терминдерде *бір составлы гәп* (қазақ тілінде жай сөйлем), *гәптиң екінші дәрежесі* (қазақ тілінде тұрлаусыз мүшелер) деген терминдер қолданылады да, ал қазақ тілінде *сөйлемнің бірыңғай мүшесі* деген терминді, ал қазақ және қарақалпақ тілдеріне ортақ *бір компонентті, екі компонентті сөздер* деген терминдерді кездестіруге болады.

Медициналық терминдер: *тез жәрдем (03); II группа мүгедегі (майыбы) т.б.* Мысалы, *03 ке звондасаң тез жәрдем келеді.* Сөйтіп, сан есімдер барлық тарауда кездеседі.

Ғылыми терминологияда да сан есімдер кең қолданылады. Сандар цифрлармен де, жазумен де білдірілуі мүмкін. Цифрлар ықшамырақ болып келсе, математикалық есептеулер уақыт есебі үшін қолданылады:

а) күн, жылды араб цифрларынан. Мысалы, *16-сентябрь 1991 ж.*

ә) ғасырды, айларды белгілеуде рим цифрларынан қолданады. Мысалы, *XX ғасыр (эсир), 09.II. III том т.б.*

Халықтың материалдық және мәдени тұрмысында пайда болған әртүрлі өзгеріс тілдің сөздік құрамында өз көрінісіне ие болады.

Елімізде халық хожалығының дамуы өндіріс салаларының, еңбек етудің кәсіптік түрлерінің кеңеюі өндіріске ғылым және техника жетіскендіктерінің өндірілуіне сәйкес өндірістік техникалық түсініктерді білдіретін атаулар пайда болды. Бұл атауларда сан есімдер жиі кездесіп анықтама сипатында өнімді қолданылады: а) егіншілікке байланысты: *бірінші сорт, Комбайн-СО5, Т-28 т.б.*

ә) Шаруашылық тарауында қолданылатын бірліктер: *6 бас қара мал, жарым шөл жайлау т.б.*

б) Сауда тарауында қолданылатын бірліктер: *елулік, жүздік, мыңдық, жүз доллар, бір қалта ұн т.б.*

в) Жол қатынас тарауында қолданылатын бірліктер: *ВАЗ-2101, УАЗ-469, ТУ-154, АН-2 т.б.* Мысалы, *Кейингі ВАЗ-2102 автомашинасының айдаушысы, ВАЗ-2106 автомашинасының айдаушысының қасына барды (Ж.Ө.). Телефон-автоматтан санитарлық «0-57-15» самолетін сұрап, әлі келмегенін білді (Н.Қ.).*

г) Баспасөз тарауында қолданылатын бірліктер. Мысалы, *Газета А-2 форматында аптасына үш рет шығады.*

д) Физикалық мәдениет және спорт саласында. Мысалы, *«Арал» және «Шақтемір» командаларының кездесуі үштен-үш есепте теңбе-тең аяқ-талды.*

Жалпы алғанда, сан есімдерді ғылыми-терминологиялық барлық тарауда кездестіруге болады.

В) Қазақ және қарақалпақ тілдерінде есептік сан есімдердің басқа сан есімдердің (реттік, жинақтық) орнында қолданылуы

Кейде есептік сандар реттік және жинақтық сан есімдердің орнына қолданылады. Белгілі бір күнді білдіруші реттік сан есімдердің орнына кейде үшінші жақ тәуелдік аффиксін қабылдаған есептік сан есімдері айтылады бірақ бұлар көбіне сөйлеу тіліне тән болып келеді. Мысалы, *Көкек айының жиырма күні жол жүріп кеттім (Ә.Д.); Ноябрьдың он биринен баслап жауған қар еле дауам етип дизеден келеди (Ж.Ө).*

Есептік сан есімдерден кейінгі предмет сөйлеушімен тыңдаушыға мәлім болған жағдайда ол айтылмауы да мүмкін. Мұндай жағдайда сөйлеу тілінде реттік сан есім орнына есептік сан есім қолданыла береді. Мысалы, *Онды бітірген соң, екі жылдан кейін жұмысқа тұрдым (Ә.Д.); Қайыр биыл тоғызды бітіріп, онға көшеді (Н.Қ.); Мениң үкем тоғызда оқыйды (тоғызыншы класста).*

Жинақтық сан есімдері мағынасы жағынан есептік сан есімдерге жақын тұрып, жетіге дейінгі ауызша санауда солардың орнына қолданыла береді.

Кейде жинақтық сан есімдердің орнына тәуелдік аффикстерін қабылдаған есептік сан есімдер де қолданыла береді. Мұндай есептік сан есімдер белгілі бір заттың бір бөлегін жинақтап көрсетеді. Мысалы, *Еріншектің екі досы бар: бірі ұйқы, бірі күлкі (мақал);*

Есептік сан есімге көптік аффиксі жалғанғанда, ол сөз болжалдық (шамалық) сан есімге айналады. Мысалы, *Асқардың жасы елулерге келіп қалған сияқты (О.Н.); Саат он екилерде қайтып қиятырғанда Мурат деген жорамызға ушырасып қалдық (Ж.Ө).*

II. Қазақ және қарақалпақ тілдерінде реттік, жинақтық, болжалдық, топтау және бөлшектік сан есімдердің стилдік қолданылуы

Реттік сан есімдер заттың және әрқилы құбылыстардың ізбе-із қатар тәртібін, реттік санын білдіретіндіктен, конкрет мағынаға ие болады. Сонымен қатар реттік сан есімдер заттың сапасын, белгісін де білдіруі мүмкін.

«Бірінші» саны есімі сан мағынасынан басқа да сапалық мағынада қолданылады:

а) алдыңғы, үлгілі деген сапалық мағына білдіреді. Мысалы, *Соғыс жылдары ол ең бірінші комбайншы болды (Ә.Ш).*

ә) «тұңғыш», «алғашқы», «дәслепки», «әуелі», «ыдиралды», «бастапқы» сын есімдеріне синонимия болып келеді. Мысалы, *бірінші- тұңғыш, биринши –дәслепки т.б.*

Реттік сан есімдер субстантивтеніп қолданғанда әрқилы сөз өзгертуші аффикстерді қабылдайды. Мысалы, *Биреуі кетсе, екіншиси келеди (Т.Қ.); Үшіншісі иттің қасына жақындады (Р.М.).*

Реттік сан шығыс септік жалғауымен қолданылғанда, қыстырма сөз қызметін де атқарады. Мысалы, *Біріншіден, ол ақылды, екіншіден ол өжет, үшіншіден ол өте сұлу (С.Ж.).*

Реттік сан есімдер ауызекі сөйлеу тілінде заттың размерін (мөлшерін) білдіреді. Мысалы, *Мына тұфли қанша тұрады, отыз жетінші размері бар ма екен ?*

Етістіктердің алдында тұрғанда, сондай-ақ «рет», «мәртебе» және уақыт мағынасындағы сөздермен тіркесіп келгенде реттік сан есімдер

белгілі бір уақытты білдіреді. Мысалы, *Бұл әңгімені бірінші рет емес, ал үшінші рет есітіп отырмын. Кейінги таманларын нықлап хәм биринши мәрте маған «сиз» деп сөйлеп (М.Т.).*

Қарақалпақ тілінде «биринши» сан есіміне «лик» аффиксінің жалғануы арқылы зат есім (атлық) жасалады. Мысалы, Ташкент қаласында республикалық футболшылар арасында Өзбекстан бириншилиги болып өтті.

Уақыт мағынасындағы сағат, күн, апта, ай, жыл сияқты сөздермен қолданылғанда реттік сан есімдер бірқанша анық көрінеді. Мысалы, *Жиырма бірінші ғасыр-техникалық ғасыр. Хәзирги жигирма биринши әсирдің мухаббаты-да?! (М.Т.).*

Жинақтық сан есімдер бір және жеті арасындағы сан есімдерге –**ау,-еу** аффикстерінің жалғануынан жасалып, санды тек жинақтап қоймастан шектеп те көрсетеді. Мысалы, *алтау, жетеу, бесеу т.б.*

«Біреу» сан есімі тек сан мағынасында қолданылмайды:

а) «біреу» сан есімі белгісіздік есімдігі мағынасында қолданылады.

Мысалы, *Біреу жаныңа жолдас, біреу малыңа жолдас (мақал); Онда да бас врачқа айтып, -деди биреу (М.Т.).*

ә) Сын есім, сын есімді етістік, жіктеу және сілтеу есімдіктерінен кейін тіркесіп келгенде «біреу» сан есімі кемсіту, жек көру, мысқылдау мағыналарын білдіреді. Мысалы, *Қыз да тымсырайған біреу екен (О.Ә.). Биің үйдеги құрдасың есерсоқлау биреу (С.Ж.).*

Жинақтық сандар көбінесе субстантивтеніп қолданылғандықтан, әркім сөз өзгертуші аффикстерді қабылдайды. Мысалы, *Бұл екеуі де атақты Сырым батырдың шөбересі (Х.Е.). Сен биреуіге ор қазсаң, тағы биреуі саған гөр қазады (мақал).*

Көптік жалғауы тек қана «біреу» сан есіміне белгісіздік есімдік мағынасында келгенде жалғанады. Мысалы, *Біреулері қара қоңыр бешпенттерін, біреулері сұр шекпендерін киіп алыпты (С.С.). Биреулер аўларын тарап, биреулер кемениң ишинде уйқылап жатыр (К.С.).*

б) «алде», «алле», «кей», «гей», «не», «неше», «базы» сөздерімен «бір-еу» алмасып тіркесіп келгенде белгісіздік есімдіктері жасалады.

Мысалы, *Директор кейбіреумен сөйлесуден алдын көзінен көзілдірігін алып, қарайтын. (С.Е.). Гейбиреудің бойы пәс, гейбиреудің ойы пәс (мақал).*

в) Қарақалпақ тілінде «биреу-миреу» сөзі негізінен белгісіздік есімдігі болып, қосымша кемсіту мағынасын да білдіреді. Мысалы, *Есикти илип қой, үйге биреу-миреулер кирип кетпесин.*

Қазақ және қарақалпақ тілдерінде I және II жақ жіктеу аффикстерінің көбінесе тек көптік түрі жалғанады: Мысалы, *Бұл екеуінің елі жақын, 30-40 шақырымдай жерде ғана (С.С.); Екеуімізде де үн жоқ (Г.И.).* Ал жекеше түрі қарақалпақ тілінде тек «биреу» сан есіміне жалғанады. Мысалы, *-Кимсең?*

-Аш биреумен?,-деп Хамра хәзиллесті.

Екі тілде де қос сөз түрінде қайталанып қолданылғанда, жинақтық сан есімдері қосымша топтау мағынасына ие болады. Мысалы, *Ақтылы-көктілі көбелектер екеу-екеу жарысып ойнайды (Ғ.М.). Муғаллим шығып кетиуден екеу-екеу сөз басланып кетті.*

Ал қарақалпақ тілінде мұндай қос сөздің бірінші компоненті шығыс септігінде келгенде, жинақтау сан есімі қосымша шектеу мағынасын да білдіреді. Мысалы, *Сөйтип бираз ұақыт екеуден-екеу ұақыт өткерди (М.Д.).* Қарақалпақ тілінде жинақтау сан есіміне (-лап,-леп,) аффиксі жалғанғанда және «ара» сөзімен тіркескенде ортақтықты білдіреді. Мысалы, *Бизлер ол тасты орнынан екеулеп жылыстырдық. Муғаллим кириуден екеу ара сөйлесип отырған оқыушылар тып-тыныш болды да қалды.*

Ал қазақ тілінде «ара» сөзімен бірігіп, күрделі сөз болып ортақтықты білдіреді. Мысалы, *Тәрдегі төртеуара, есіктегі екеуара (мақал).*

Қазақ және қарақалпақ тілдерінде болжалдық (шамалық санлықлар) сан есімдер заттың санын, мөлшерін тек шамалап, болжап көрсетеді.

Болжалдық сан есімдер түрлі аффикстер арқылы жасалады:

а) –*дай, -дей, -тай, -тей* жұрнақтары есептік сан есімдерге жалғанып болжалдық сандар болады. Мысалы, *Үш жүздеі адам келіп, көмір түсіруге дайын (Ғ.М.). Бүгінгі жыйналысқа сексендей студент қатнасты.* Бұл жұрнақ сан есіммен тіркескен зат есімге жалғанып та болжау мағынаны береді: *Арада бес күндей уақыт өтті (Қ.Т.). Бизлерге жигир ма ящиктей керек (К.С.).*

ә) –*лаған, -леген, -даған, -деген, -таған, -теген* жұрнақтары көбінесе ондық, жүздік және мыңдықтарға жалғанып, шамалық, болжау мағынасын береді. Мысалы, *Оның үйінде елулеген қой бар екен (Ғ.М.). Онлаған жолаушылар тап үлестен қалып қалатуғындай машинаға жүгірди (М.Т.).*

Қазақ тілінде кездесетін (-*ер*) жұрнағы (*бір*) есептік санынан ғана болжалдық сан жасайтын көне жұрнақ болып есептеледі. Мысалы, *Біреп күн ғана күтемін (С.М.).* Қарақалпақ тілінде бұл жұрнақ кездеспейді.

б) Мөлшер жағынан бір-біріне жақын болған екі сан өзара жұптасып, болжалдық мағынаға ие болады: *Семинарға жеті-сегіз оқытушы қатысты. Соның арасында және бир-еки адам жармасты (М.Т.).*

в) Қарақалпақ тілінде «мың», «миллион» сан есімдерінің қайталануынан жасалған қос сан есімдер көбіне жалпы көптікті білдіреді. Мысалы, *Мың-мың үмит, мың-мың жұмыслар (И.Ю.). Ол қымбатлы устазына миллион-миллион алғыс айтыў менен өзиниң фронттағы жетискенлик-лери туўралы жазыпты (Т.Қ.).*

Ал қазақ тілі бойынша ғалым *Ә.Хасенов*: «лингвистикада (миллион, миллиард) сөздері сан есім ретінде қаралмайды, зат есім деп есептелінеді», - деген пікір айтады.³⁶

Мыңдай, мыңға тарта, мыңға жуық деген болжалдық сан есімдерді кездестіруге болады. Мысалы, *Олардың фермасында мыңға жуық тауықтары бар.*

г) есептік сан есімдердің белгілі бір формада тұрып, кейбір көмекші сөздермен тіркесуінен де болжалдық сан есімдер жасалып, әртүрлі қосымша мағыналарға ие болады:

1) шығыс септігіндегі есептік сан есімдер (*артық, астам, көбірек, азырақ*) сөздерімен тіркеседі. Мысалы, *Бұл шаруашылыққа мыңнан астам кіріс кіреді (Н.Қ.). Хийуадан келген бес жүзден астам нөкер бас сауғалап қашып кетті (К.М.).* Мұндай болжалдық сандар есептік сөздермен қолданылғанда шығыс септігінің аффиксі сол есептік сөздерге жалғанады. Мысалы, *Имканияты болса, 5-6 тоннадан артық жем түсіріп бериңіз (Ж.М.).*

д) барыс септігіндегі есептік сан есімдер (*жақын, жуық*) сөздерімен тіркеседі. Мысалы, *Мектепке онға жуық компьютер сыйға тартылды («Нұрлы жол»).* *Хәммеси отыз беске жақын адам жыйналды (А.Б.).*

е) болжалдық сандар «бір» санының есептік сандардың (*жүз, мың т.б.*) сандардан басқа алдында тұрып тіркесуінен де жасалады. Мысалы, *Олар бір он жеті- он сегіз адамдай шығып қалар.*

Болжалдық сан есімдердің – *дай/дей, -тай/тей, -лаған/-леген* қос сөз формалары және септеуліктер арқылы жасалған түрлері мағыналық жақтан бір-біріне жақын және синоним болып бірінің орнына екіншісі қолданыла беруі мүмкін: *қырықтай, қырықтаған, қырыққа т.б.*

Болжалдық санда есептік санға *шақты, шамалы, шамасында, тарта, қаралы, жуық, астам, таяу* шылаулары тіркесіп, оған болжалдық мән

³⁶ Хасенов Ә. Тіл білімі. Алматы., 1991, 297-бет.

қосады. Мысалы, *Оның жайлауда жүз қаралы жылқысы бар. Ол ауылда жүзге таяу үй бар екен.*

Қарақалпақ тілінде есептік сан есімдер ілік (ийелик) септігінде тұрып *«шамасы, ояқ-буяғында»* сөздерімен тіркеседі. Мысалы, *Жасы да жигирманың ояқ-буяғында (Т.Қ.). Есен қазы отыз бес шамасындағы кисі еді (К.С.).*

Қазақ және қарақалпақ тілдерінде *бөлшектік сан есімдер* заттың сандық бөлшегін яғни бөлшектің санын білдіреді.

1) Бөлшектік санды есептік саннан бөлетін санның шығыс септікте тұруы арқылы жасалады, бөлшектік сан қосымшасыз не тәуелдік жалғаумен айтылады. Мысалы, *Судың үштен бірі қалғанда, Көлжұтардың ұрты ғана суға толды («Ертегіден»).* *Жарымшылар жерді төрттен бирине, үштен бирине алады (Н.Д.).*

2) Бөлшектік санның бірінші сыңары ілік септікте, екінші сыңары тәуелдік жалғауында тұрады: *үштің бірі, жиырманьың алтысы, жүздің тоғызы т.б.*

Ал қарақалпақ тілінде бөлімі ілік септігінде, алымы III жақтағы тәуелдік аффиксін қабылдайды. Бөлшек санның бұл түрі атауыш сөздердің алдында келмейді, барлық уақытта субстантивтеніп қолданылып, әртүрлі сөз өзгертуші аффикстерді қабылдай алады. Мысалы, *Бестің екиси жараланды. Төрттің бирине дийқан турар тең бол!-деди Айдос баба («Бердақ»).*

Бөлшектік сан есімдердің бұл екеуінің арасында қолданылуда айырмашылықтар сезіледі. Шығыс септіктегі формасы анықтауыш болып келеді де, ал ілік септігі формасы анықтауыш болмайды. Сондықтан олар арасында стильдік өзгешеліктер кездестіруге болады.

а) Қазақ және қарақалпақ тілдерінде *«жарым» «ярым»* сөздері екіншісі бірі деген ұғымда қолданылады. «Жүз», «мың» және басқа да үлкен мөлшердегі сандардың алдында тұрса да, олардың екіден бір бөлегін

білдіреді. Мысалы, *Ярым мың-мыңның екіден бір бөлеги, яғный -бес жүз. Үш жарым мың жылқымыз, төрт жарым мың сиыр, жүз түйе бар (С.М.).*

б) зат есімнің алдында келгенде, сол заттың екіден бір бөлегін білдіреді: Мысалы, *Студент кезде жарты нанды жарып жеген досым еді (Н.Қ.). Апам дастурханнан жарты зағараны алып қойныма тықты (Ә.Ш.).*

Қарақалпақ тілінде «жарпы» сөзі зат есімнің де, сан есімнің де алдында қолданылмайды. Мысалы, *Екеуиміз түн жарпына дейін әңгимелестик (М.Т.).*

Сөздің соңында тұрған «жарым» сөзі:

а) бүтін сандардан кейін тұрып, санның жарымын емес, ал оның кейніндегі өлшем бірлігінің жарымын білдіреді. Мысалы, *Күнлиги бир ярымга шамаласқан (М.Т.). Екі жарым мың жылдай бұрын пайда болған.*

б) Бүтін сан немесе заттың аты ілік септігінде, ал «жарым», «жарты», «жары» сөздері ІІІ жақ тәуелдік аффиксін қабылдағанда, олар бүтін санның немесе заттың екіден бір бөлегін білдіреді. Мысалы, *Секундтың жарым-жартысы өтіп, жасыл шырақ жанатын уақыт болды. Айдың ярымы питти (С.Х.).*

Қазақ тілінде «ширек», ал қарақалпақ тілінде «шерек» сөзі бүтіннің төрттен бір бөлігін немесе жартының жарымын білдіру ұғымында қолданылады. Мысалы, *Екеуміздің тұрмыс құрғанымызға да ширек гасыр болып қапты гой (Н.Қ.). Ширек әсирден берли, оның жаман нийетин сезбеген едик (М.Т.).*

Кейде «ширек» (*шерек*) сөзі субстантивтеніп, уақыттық мағынадағы зат есім болып та қолданылады. Мысалы, *Оқу жылының бірінші ширегі.*

Кейде «жарым» сөзі де субстантивтеніп қолданылады. Мысалы, *Мәшинелердің бірлі-жарымы зуылдап қасымыздан өтіп кетті.*

Топтау сан есімдері заттарды сан жағынан бірдей топарға бөліп топтап көрсетеді. Топтау сан есімдері есептік және жинақтау сан

есімдерден әртүрлі аффикстер арқылы жасалғандықтан, стилдік мағына жағынан бір-бірінен ажыралып тұрады. Мысалы, *ондап, оннан т.б.* Мысалы, *әр оқушы бес-алтыдан ағаш егіп, сонны өздері күтіп өсіретін болса, қандай жақсы! (М.И.). Ол қойларды гә жерден онлап, гә жерден жигирмалап қурастырды (Ә.Х.).*

Кейде шығыс септік жалғауы сан есімге жалғанбай, ол тіркескен зат есімге жалғанып та, топтау сан мәнін білдіреді. Мысалы, *Сенбілікте әр студент бес-бес ағаштан отырғызды (М.И.). Еки сааттан кейін, соңғы автобус болады, қалып қоймаңлар (Ж.М.).*

Топтау сандары шығыс септіктің жалғауының қайталануынан, қос сандарының жалғануынан жасалады. Мысалы, *Біз әуелі тобымызбен, сосын екі-екіден, үш-үштен қосылып, бірнеше ән айттық (Н.Ғ.). Он-он бестен көйлеклерди бөлісіп ала бастады.*

Қарақалпақ тілінде шығыс септігінің аффиксі қос санның екі компонентіне де жалғанып, топтау мағынасын білдірсе, қазақ тілінде тек екінші компонентке жалғанады. Мысалы, *Жигирма қыз оннан-оннан бөлісіп, еки үйде жаттық. Оқушылар екі-екіден сапқа тұра қалды.*

Қарақалпақ тілінде есептік сандарға **-лап/-леп** аффиксі жалғануы арқылы да топтау сандары жасалады. Мысалы, *Сен болсаң биреу дейсең, табасаң ба онлап, жигирмалап тап.* Мұнда **-лап/-леп** формасында топтаумен бірге жинақтау мағынасы да білдіріледі, ал шығыс септігі формасында топтаумен бірге бөлістірушілік мағына да сезіледі. Сондықтан олар бірін-бірі алмастырып қолдана бермейді.

Топтау сан есімдердің қайталау түрлері топтау мағынасын анықтап көрсетеді. Мысалы, *Қыздар ойында бес-бестен топтасты. Төрт бөлініп, он-оннан жау болып бағқа тийеди («Қырққыз» дастаны).*

Қорытынды

Бұл жұмыста қазақ және қарақалпақ тілдерінде сан есімдердің стильдік қолданылулары бойынша мәселелер қаралды.

Сөз табы ұстанымдары тұрғысынан алғанда, сан есімнің өзіне тән семантикалық мағынасы-сандық ұғымды білдіретін сөздер. Сан есім зат есіммен ешбір қосымшасыз орын арқылы ғана байланысады. Сан есім заттың нақты санын көрсетумен бірге, заттың санын шамамен, болжап та, бүтін заттың санын да, бөлшек заттың санын да, заттың рет санын да білдіреді. Мұның бәрі жалпы сандық ұғымға жатады, яғни сан есімнің семантикалық белгісіне жатады.

Сөздерді таптастырудың *екінші ұстанымы*- сөз табының морфологиялық белгісі-сөздерді түрлендіру жүйесіне қатысты. Сан есімнің өзіне тән грамматикалық категориясы, яғни түрлендіру жүйесі жоқ. Бірақ сан есім мүлдем түрленбейтін сөз табына жатпайды. Өйткені сан есім- заттардың санын білдіруден басқа да мағынада да қолданылады, атап айтқанда, таза сандық мағынада да қолданылады. Мысалы, *бесті беске қосса он болады* деген сияқты қолданыс математика ғылымынан кең орын алады. Мұндай қолданыста сан есім зат есім парадигмалары бойынша түрленеді. Ол-сан есім сөздердің өзіндік ерекшелігі. Сан есім морфологиялық көрсеткішке кедей болғанымен, оның мағыналық топтарының жекеленген қосымшалары бар. Олар реттік санның *-ыншы,-інші,-шы,-ші* жұрнағы мен жинақтау санның *(-ау,-еу)* жұрнақтары.

Сөздерді таптастырудың *үшінші ұстанымы*-сөз табының негізгі синтаксистік қызметі болуы. Бұл ұстанымға сан есімнің анықтауыштық қызметі жауап береді. Бірақ сан есім басқа да синтаксистік қызметте де қолданылады, бірақ олар негізгі синтаксистік қызметке жатпайды.

Міне, осы белгілері сан есімді дербес сөз табы деп тануға мүмкіндік береді.

Жалпы *сан есімдер*- түркі тілдері туыстығын тағы бір айқын таныта түсетін категорияның бірі. Оны мынадан байқауға болады: түркі тілдерінде негізгі сан атаулары небәрі - 20-ақ сөз. Сан есімдер негізінен бір мағыналы сөздер болып, олар эмоционалдық және экспрессивтік мағыналарға ие болмайтын сөз табы.

Сан есімдер-сөздерді таптастырудың бірінші ұстанымына сәйкес яғни семантикалық сипаты жағынан сандық, мөлшерлік ұғымды білдіретін сөздер. Сан есімдер басқа сөздерге (зат есімге) тіркеспей жеке айтылғанда, абстракт сан атауы ретінде қолданылады, ал зат есіммен тіркескенде заттың нақты сандық мөлшерін көрсетеді. Сан есімдер тілімізде өте ерте заманнан бері қолданылып келе жатқан сөздер. Бұлардың жасалуы бойынша түрліше пікірлер бар. Мысалы, Н.А. Баскаков: «*Сан есімдер есімдерден бөлініп шыққан сөз табы және олар сын есім, үстеу сияқты белгі мағынасын білдіреді*», -деген пікір айтады.

Сан есімге жатпайтын сөздердің ішінде де мағынасы жағынан сандық ұғымға жақындығы бар «*жалғыз*», «*дара*», «*жалқы*», «*сыңар*», «*қос*», «*жұп*» т.б. сөздердің мәні кейбір сан есім сөздермен мағыналас та болады. Олардың ішіндегі «*жалғыз*, *жалқы*, *дара*, *сыңар*» сөздері бір сан есіммен мағыналас, «*қос*, *егіз*» сөздері екі есептік санмен мағыналас. Ал «*жарты*, *жарым*, *ширек*» сөздері бөлшектік сандармен мағыналас, *жарым*, *жарты*-бүтіннің *жарты* бөлігі, *ширек*-бүтіннің төрттен біріне тең.

Сондай-ақ, тілімізде әртүрлі өлшем мәнін білдіретін сөздер мен сөз тіркестері бар. Мысалы, *бір шөкім, бір үйір (жылқы), бір құшақ (шөп), бір топ адам* десек, көлемдік мәнді сөздер болып есептеледі.

Сандық мағынасында қолданылатын сөздердің саны шектелген болып олар жиырма түбір сөзден тұратын болып есептеледі.

Сан түсінігі шексіздікке дейін жалғаса беретін болса, тек осы сөздердің қайталануы, бір-бірімен тіркесуі арқылы білдіріледі.

Бұл сөздер негізінен барлық түркі тілдер үшін ортақ сөздер болып және олар тарихи дамуында онша көп өзгеріске кездеспеген.

Соған қарамастан кейбір сан есімдер ауыспалы мағыналарда қолданылып, әртүрлі стильдік қызмет атқарады.

Сан есімдерден «*бір*», «*бес*», «*жеті*», «*қырық*», «*жүз*» т.б. есептік сан есімдер ауыспалы мағынада көп қолданылады.

Сан есімдердің біраздары кейде айрықша мағына білдіріп, белгілі бір дәстүрлерге, қәде және ырымдарға байланысты қолданылады. Санның мұндай қасиеті оның *сакраменталь мағынасы* деп аталады. Мұндай мағынада халық әдет-ғұрпында «*үш*» және «*жүз*» сан есімдері көбірек қолданылады.

Сан есімдер тұрақты сөз тізбектер құрамында лексика-семантикалық жағынан бүтін бір единицалық мәнге ие болады; синтаксистік тұрғыдан күрделі бір мүшенің ғана қызметін атқарады.

Сан есімдердің қатысуы арқылы жасалған фразеологиялық единицалар шығуы, пайда болуы жағынан халық тарихы, салт-санасы, мәдени өміріне тікелей байланысты.

Фразеологизмдегі сан есімдер өзінің сан мағынасынан ұзақтап қасындағы басқа сөздермен бүтін бір лексика-грамматикалық бірлікті білдіреді.

Тұрақты сөз тіркестерінің құрамында келген санды біз сандық деп ажырата алмаймыз. Олар сол тіркестің басқа сөздермен бірге үйлесіп көркемдеу құралы қызметтерін атқарады.

Есептік сан есімдер реттік сан есімдер және жинақтау сан есімдердің орнында да қолданыла береді.

Заттың санын, мөлшерін шамамен белгілеу үшін қолданылатын болжалдық (шамалық) сан есімдер есептік сан есімге көптік жалғауының жалғануы арқылы да жасалады.

Реттік сандардан «бірінші» сан есімі сан мағынасынан басқа мағыналарда да қолданылады.

Жинақтау сан есімдері көбінесе субстантивтеніп қолданылады. Мұндай жағдайда жинақтау сан есімдері сөз өзгертуші аффикстерді қабылдай алады.

«Біреу» сан есімі жалпы өзінің сан мағынасын жойтып, белгісіздік есімдігі мағынасында т.б. мағыналарда да қолданылады.

Тілімізде мағынасы бір-біріне жақын сөздер өте көп. Мұндай сөздер синоним болып табылады.

Болжалдық сан есімдерде синоним сөздер кездестіруге болады. Болжалдық сан есімдердің –дай/-дей,-тай/-тей, -лаған/-леген қос сөз формалары және септеуліктер арқылы жасалған түрлері мағыналық жақтан бір-біріне жақын және синоним болып бірінің орнына екіншісі қолданыла береді.

Бөлшек сан есімдер заттың қандай да бір бөлегін білдіреді. Бүтіннің екіден бір бөлегін білдіретін «жарым» (ярым), «жарты», «жары», «жарпы» сөздері көп қолданылады. Бұл сөздер зат есім және сан есімдердің алдында немесе соңында келе береді.

Сан жағынан заттарды бірдей топарларға бөліп, топтап көрсететін топтау сан есімдері де есептік және жинақтау сан есімдеріне әртүрлі

аффикстердің жалғануы арқылы жасалып, әртүрлі қосымша мағыналары –мен қолданылады.

Жалпы қорыта айтқанда, сан есімдер-өздеріне тән жасалу тәсілдері бар, өздерінің табиғи қызметінде ешбір өзгеріске түспейтін, тек субстантивтенгенде ғана түрленетін, мағыналық жағынан бірнеше топқа бөлінетін, сөйлемде белгілі қызмет атқаратын сөз табы.

Солай етіп, есімдер тобына жататын сөз табының бірі болып саналатын сан есімдер- тек өзінің сан мағынасында ғана емес, сонымен бірге басқа мағыналарда да қолданылып, әртүрлі стильдік қызметтер атқара алады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Баскаков Н.Н. Каракалпакский язык. II том. Фонетика и морфология. Москва, 1952
2. Байтұрсынов А. Тіл құралы. Алматы, 1991
3. Бекбергенов А. Қарақалпақ тилиндеги санлықлар. Нөкис. 1976
4. Бекбергенов А. Қарақалпақ тилинің стилистикасы. Нөкис. 1990
5. Бекбергенов А. Фразеологиялық сөз дизбеклериндеги санлықлар. ӨзИАКФХ. 1968, №3
6. Бекбергенов А. Жыйнақлау санлықларының семантикалық-грамматикалық өзгешеликтери. Өз ИАКФХ. 1969, №3
7. Бекбергенов А. Некоторые особенности имен числительных в каракалпакском языке. ӨзИАКФХ.
8. Бердимуратов Е. Хәзирги қарақалпақ тили.Лексикология.Нөкис.1994
9. Бектұров Ш. Қазақ тілі. Алматы, 2007
- 10.Голуб И.Б. Грамматическая стилистика современного русского языка. Москва.1986
11. Бектұров Ш. Қазақ тілі. Алматы, 2007
12. Дәулетов А, Дәулетов М, Құдайбергенов М. Хәзирги қарақалпақ әдебий тили. Нөкис, 2010
13. Ибатов А. Қазақ тіліндегі есімдіктер. Алма-Ата, 1961
14. Исаев С. Қазақ тілі. Алматы, 2007
15. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Алматы, 2007
16. Узбек тили стилистикаси.Ташкент.1983
17. Хәзирги қарақалпақ тили. Морфология. Нөкис, 1974
18. Хәзирги қарақалпақ тили. Морфология. Нөкис, 1981
19. Хәзирги қарақалпақ әдебий тилинің грамматикасы. Нөкис, 1994
20. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1991